



ЖЕТПЕГЕНІ ОСЫ ЕДІ...

Алматыдан Әскеменге жол тартқан жолаушылар көлігінің жүрісі тым ауыр еді. Өйткені Алатау етегіндегі алып қаладан алары көп жұртшылық тауарын тең-теңімен автобустың астыңғы қабатына лықа толтырған. Бір жылқының еті еркін сиятын қытайдың ала дорбасының ішінде не жоқ дейсіз? Бірі – тойға арналған дүние, бірі – жолаушылардың күнделікті керекті заттары, енді бірі – базардың сәресін толтыратын бағалы бұйым. Бір қарағанда, жүк арасынан ештеңе байқалмайды. Жолаушылар болса ұзақ жолда әңгімеге кіріскен. Қаладан қанша ұзағаны белгісіз, автобус кілт тоқтағанда бәрі ояны.

жасап тұрады. Айталық, жыл басынан бері алты астыртын цех анықталды. Осыған қарап отырып, азаматтардың ақшаны оңай жолмен табуға құмарлығын байқайсыз. Арақты нарықтағы бағадан төмен сататын азаматтар өздерін жаза күтіп тұрғанын байқамай да қалады», — делі.

Ауласы арақ сасығандар азаматтар өнімін ірі сауда орындарына өткізе алмайды екен. Сол себепті шеткері орналасқан шағын дүкендерді жағалайды. Оларға сыбайластары қолғабыс көрсетеді. Ащы суға әуестерге арзан арақ алған тиімді. Саудасын жүргізуге сатушыларға да пайдалы. Осындай әрекетке барғандар Қылмыстық кодекстің 233-бабы бойынша жауапқа тартылады. Қазіргі заң бойынша кінәлілер сот шешіміне байланысты түрлі мөлшерде айыппұл төлейді, болмаса қоғамдық жұмысқа тартылады.

ЖАЛҒАН АРАҚТЫҢ «ЖЫРЫ» НЕМЕСЕ ҚЫМБАТ ІШІМДІКТІ ҚОРАДА ҚАЛАЙ ЖАСАЙДЫ?

Автобустың жүрісін жаңылдырған жол полицейлері екен. Шала ұйқыда отырғандардың бірі:

— Осылардың-ақ жүрмейтін жері жоқ! — деп ренжіген кейіп танытқан.

— Ой, жақсы болды, сыртқа шығып аяқ жазайық, — деген енді бір жолаушы қуанып кетті.

Полиция қызметкерлері көлік жүргізушілерінің жол құжатын қарап тұрғанда, ешкім оларға назар аударма қоймаған. Тек қол жүктерін тексеруді бастағанда ұзақ тұратындықтарын іштері сезгендей мазасыздана бастады. Қарияның бірі:

— Балаларым-ау, тексеретін онда не бар? Барлығы керек заттар. Тезірек ауылға жетейік, болындар, — деп ақыл айтқан болды.

— Аға, асықпаныз, барлығы сіздердің, елдің қауіпсіздігі үшін, — делі полицияның бірі.

Қызық болғанда, жұртшылық арасынан тыпырышып тұрған бір жігіт қана:

— Алтын іздеп жатсындар ма? Тапсаңдар бөлісеміз! Болындаршы, тойға кешігемін. Мен үшін қонақ күтіп отырмайды! — деп кекеткендей болды.

Алайда полиция қызметкерлерінің қол жүктеріне ерекше мән беруі тегін болмады. Қораптарға әдемілеп оралып салынған бөтелкелердің басы қылтия бастағанда жұрттың бірі күдіктене қараса, енді бірі «онда тұрған не бар?» дегендей назар аудармаған.

Тек иесі табылып, сұраққа алынғанда ғана, жолаушылар жалт қарады. Осылайша қораптардан 100 бөтелке арақ шықты. Бәрі кәдімгі «самопал». Бұған сол жерде-ақ көз жеткізген тәртіп сакшылары бәрін тәркілеуге шешім қабылдаған. Әлгі азаматтан арақтың қайдан, қашан алғаны анықталған соң, бірден Алматыға хабар берілген. Мұнда қалалық экономикалық тергеу департаментінің мамандары Әуезов ауданында тұратын азаматтың үйінен, бірақ шықты. Жасырын цех орналасқан қорадан сатуға дайын тұрған 200 бөтелке арақ табылды. Дайын жапсырма қағаз бен жалған акциздер де бума-бумасымен жатыр. «Делдалдардан сатып алдық» деген жауапты естіген мамандар оның да ізіне түсуге кірісті.

Осы оқиғаға қатысты Jas qazaq ұлттық апталық басылымынан арнайы сұхбат алуға барғанмызда, Алматы қалалық экономикалық тергеу департаментінің ресми өкілі Жақсылық Мырзахан: «Бұл көлеңкелі бизнеске жатады. Сондықтан Алматы қалалық тергеу департаментінің мамандары да мұндай мәселелерге талдау



Фото: zakon.kz

Наурызбай ауданында тұратын бір азамат та көршілерінің көзіне түспей, қорада жалған арақ жасап келген. Алматы қалалық экономикалық тергеу департаментінің мамандары бірінші күдіктінің дайын өнім тасымалдап жүргенде қолға түсірген. Тексере келе, машинадағы арақтардың астыртын цехта дайындалғаны анықталады. Тінту барысында жүздеген шөлмектегі дайын ішімдік, мың литрден аса спирт, жалған акциздік маркалар тәркіленеді. Оңай олжаға кенелмекші болған ол жігіт те, лайықты жаза арқалады. Арақ жасалатын жер лас, ешқандай тазалық жоқ. Әр бөтелкеге жапсырма мен акциздер алыпсатарлардан алынады.

Демек, олар да бір баспаханалармен байланысады деген сөз. Көне шелектегі спирт араласқан суды бөтелкеге құю әдісін көргенде, ащы суға әуес азаматтардың өзі жиіренетіні анық. Бірақ ақшаға құныққандар ешкімнің өмірін ойлап жатқан жоқ.

Шынын айтқанда, «жаза жеңіл» деп жат әрекетке баруға болмайды екен. Себебі бір көзге түскен кісінің артында өмірлік қара танба қалады. Құжатта «Сотталған» деген белгі болуы ешкімге абырой әпермесі анық.



Жақсылық
МЫРЗАХАН

Жолдасбек ДУАНАБАЙ

ҚИСЫҚ БҰТАҚ

Осы апта кейбір жастар мен жасөспірімдердің қатыгездігімен есте қалатын болды. Кішкентай бозөкпелер қаланың қақ ортасында үй жануарын азаптаса, енді біреулер қымбат көлігімен адам таптауға тырысты. Олардың осындай жат әрекеттерге баруына не себеп? Қатыгездіктің түп-тамыры неден бастау алады? Біз осы сауалды ұстаз, белгілі психолог Нұргүл Бегалиеваға қойдық.



КИНОДА КӨРГЕНІН ЖАСАЙДЫ

«Ойды ой қозғайды» демекші, мен ең алдымен соңғы аптада болған оқиғалар төңірегінде пікір білдіргім келді. Әлеуметтік желілерді шулатқан оқиғалар төңірегінде шын мәнінде үнсіз қалуға болмайды. Жана өзіңіз айтып отырған жағдай: Нұр-Сұлтан қаласының шеткі аудандарында бағанаға итті байлап ұрған оқушылар қатыгездікті қайдан үйреніп жүр? Әрине, балалардың интернет арқылы көріп жүрген кинолары мен басқа да оқиғалар осыған әсер еткені даусыз. Олар мұны қызық үшін жасап көріп отырғаны анық. Өздері бағанаға байлап, өздері таспен атқылап жүр. Егер ит босанып кетіп, біреуін талап тастар болса, ата-анасы иттің иесін кінәлап шығар еді. Мұндай жағдайлар да баршылық.

Күні кеше Алматыда таңға жуық болған оқиға ортасында жайбарақат жүрген жандар да болды. Бұзақыларға араша түсемін деп таяқ жеп, жол ортасында ойқақтаған көлік астына түскендерді кездейсоқ деп бағалауға болмайды. Бейнекөріністі қарап отырсаңыз, бұл нағыз қастандыққа жатады. Есесіне, кінәлі екі баланың анасы шырылдап, қос ұлын ақтап отыр. Осыны мен көріп отырып, ешқандай актауға келмейтін жағдай екеніне көз жеткізгендей болдым. Мұның барлығы қазіргі жастардың, жасөспірімдердің қатыгездікке баруы — ата-ананың отбасында дұрыс тәрбие бермеуінен. Мысалы, адам баласы күнделікті тағам жейді. Тағам бізге өте қажет. Сол секілді балаға да күнделікті ата-ананың мейірімі керек. Бұл өте маңызды.

Қарым-қатынастың бірнеше түрі бар. Дұрыс емес қарым-қатынас, дұрыс және зиян келтіретін қарым-қатынас. Құнарсыз тағам адам ағзасын улайтыны секілді, қарым-қатынастың дұрыс еместігі, жеткіліксіздігі баланың психикасын улайды. Бүгінгі баланың онсыз да ақыл-ойы уланып жатыр. Ұялы телефон арқылы немесе интернеттен неше түрлі оқиғаларды көреді. Тіпті қайсыбірін іске асырып көруге де тырысады. Осылайша, жасөспірім жасқа жеткеннен кейін баланың айналасына деген мейірімсіздігі, қатыгездік көзқарасы пайда бола бастайды. Осындай жат нәрсе бала бойына дарымас үшін, ата-ана жан шуағын аямауы керек. Сонда ғана бала саналы болып өседі, дұрыс шешім қабылдауға дағдыланады.

(Жалғасы 2-бетте)

СҰХБАТ

ҰРПАҚ САБАҚТАСТЫҒЫ



Жас ұрпақты нағыз толыққанды тұлғаға айналдыру үшін ұлттық құндылықтар арқылы тәрбие берудің маңызы зор. Осы орайда тарихи кешендердің орны айрықша. Бұл мақсатта республикалық маңызы бар тарихи орындарға оқушылар мен жастарды тартуымыз қажет-ақ. Себебі ұлттық құндылықтар — ұрпақтар сабақтастығының өзегі екендігі даусыз.

(Бұл туралы 7-беттен оқыңыз)



БИРЖАМЕТР

МҮНАЙ (brent)
60,03

DOLLAR
387.55

EURO
429,95

РУБЛЬ
5,80



Мұғалім
сұраса,
не дейміз?

(Толығырақ 4-бетте)

БИЛІК

1991 жылдың 29 тамызында Семей ядролық полигоны жабылғаны естеріңізде ме? Міне, содан бері арада 28 жыл өтіпті. Бұл біреуге қып-қысқа, енді біреуге ұзақ жыл. Ал біз үшін арадағы жылдар емес, аждаһа апанының түпкілікті жабылғаны қымбат. Өйткені ол қазақтың тұтас бір буынының өмірін жалмай жаздады. Дендеген дерт, асқынған ауру көбейген тұста Елбасы Н. Назарбаев 1991 жылы 28 тамызда Семей полигонын жабу туралы Жарлыққа қол қойды. Тәуелсіздігін енді алып жатқан жас мемлекеттің батыл қадамына әлем халқы риза болғаны айқын. Өйткені дүниежүзінде ядролық қаруымен аты шыққан елдер баршылық. Осы уақытқа шейін олардың бірде-біреуі қарудан бас тартқан жоқ. Осындайда суретші және антиядролық қозғалыс бөлендісі Көріпбек Күйіковтің «Балалары ұсқынсыз болып туған бірқатар жанұяны көргенмін. Бұл ата-аналар келесі балалары сау болып туады деп үміттенетін. Алайда үміттері ақталмай, науқас балалар туа берді. Он баласы бар және барлығы ауру болған жанұяны білемін», – деген сөзі ойға оралады.

Иә, Семей полигонындағы алғашқы ядролық сынақ 1949 жылы жасалған. 1953 жылы мұнда сутекті бомба жарылған. 1949-1989 жылдар аралығында Семей полигонында 473 ядролық жарылыс болды. Оның 90-ы ауада, 26-ы жер үстінде, 354-і жер астында жасалған. Семей манындағы радиациялық әсер аймағында тұратын 500 мыңдай адам сынақтан азап шекті. Осындай қасіретке еліміздің Тұңғыш Президенті тосқауыл қойды. Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі туралы Декларацияда ел аумағы ядросыз аймақ деп жарияланды. 29 тамыз — Халықаралық ядролық сынақтарға қарсы іс-қимыл күні. 2009 жылы дәл осы күні еліміздің бастамасымен БҰҰ-ның Бас ассамблеясы халықаралық ядролық сынақтарға қарсы қарар қабылданды. Арадағы отыз жылға жуық уақытта Қазақстан өз уәдесінде тұрды. Бейбітшіліктің береке әкелетінін дәлелдеді. Ұлы дала елі болашақта да осы бағыттан таймайтынына баршаның көзін жеткізді.

Кешегі басқосуда Елбасы әлемдік державалардың басшыларын Нұр-Сұлтан қаласында кездесіп, уағдаластыққа қол жеткізуге шақырды. Бейбітшілік жолындағы баянды бастамаға үлес қосып жүргендерге Назарбаев сыйлығы тапсырылды. Бұл орайда Тұңғыш Президент: «Қазіргі барлық сын-тегеуріндер мен сын-кәтерге бетпе-бет келіп

халықаралық желіні құру жұмыстарын аяқтауға мүмкіндік берді. Сондай-ақ ол осы шарт ұйымының жастар тобын құруға да бастамашы болды», – деп атап өтті.

Осы жерде сыйлық Елбасының 2016 жылғы сәуірде Вашингтондағы Ядролық қауіпсіздік саммиті барысында жарияланған «Әлем. XXI ғасыр» манифесті идеяларына орай бекітілгенін



Фото pixabay.com

БЕЙБІТ ЕЛГЕ БАҚ ҚОНАДЫ

айта кеткеніміз орынды болар.

Биыл Қазақстанның ядролық қаруды таратпау туралы шартқа қосылып, АЭХА-ға мүше болғанына 25 жыл толды. Орталық Азияда ядролық қарудан азат аймақ құру туралы шарттың күшіне енгеніне 10 жыл болды. Осыны баса атап көрсеткен Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев еліміз қару-жарақ арсеналы жағынан әлемдегі төртінші ел саналғанын еске салды. Президент өз сөзінде: «Қазір біз ядролық мемлекеттер қатарынан әлемдік антиядролық қозғалыстың жаһандық көшбасшысына айналдық.

отырған жаһандық қоғамдастық өзі бойынан даналық тауып, біздің ғаламшарымыздың болашағы үшін диалогқа қарай батыл қадам жасауы



Юкия Аmano

тиіс. Бұл диалог егер де барлық ядролық державаның басшылары келіссөздер үстеліне отырар болса, нәтижелі болмақ», – деді.

Биыл Назарбаев сыйлығы екі адамға тапсырылды. Олар — Атом энергиясы жөніндегі халықаралық агенттіктің (АЭХА) бас директоры болған, марқұм Юкия Аmano және Ядролық сынақтарға жалпыға бірдей тыйым салу туралы шарт ұйымының атқарушы хатшысы Лассина Зербо. Юкия Аmano АЭХА басшысы лауазымында халықаралық қауіпсіздікті нығайтуға, ядролық қаруды таратпауға және ядролық атом энергиясын бейбіт мақсатта пайдалану саласына үлес қосты. Ал Лассина Зербонның да осы салаға қосқан үлесін атап өткен Н.Назарбаев: «Оның күш-жігері ядролық сынақтарға жалпыға бірдей тыйым салу туралы шартты мониторингілеу бойынша



Лассина Зербо

Бұл Қазақстанның Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың дана басшылығымен жүзеге асты. Осы мақсатқа жету жолы күрделі болды. Біздің халқымыз жанталаса қарулану мен әскери сынақтардың зардаптары қандай болатындығын жақсы біледі. Өйткені, Кеңес одағындағы ядролық сынақтардың үштен екісі елімізде жасалды. Қазақстан ядросыз әлемге қарай нық қадам басуға жол ашқан көптеген бастамаларды көтерді», – деді.

Жолдасбек ДУАНАБАЙ

Аптаның айтары



Бақытжан САҒЫНТАЕВ,
Алматы қаласының әкімі:

«Бүгінде 1150 көпбалалы отбасына төленетін атаулы әлеуметтік көмек тоқтатылды. Біз жеке кәсіпкерлікпен айналысатын көптеген отбасын анықтадық. Олар өздерінің табысын жасайрған. Сондай-ақ қалада уақытша тіркеуде тұратын отбасылардың бар екенін білдік. Ал олардың балалары ауылда ата-әжесінің қолында тұрады. Біздегі 9350 отбасының 20 пайызы тұрақты тіркеуде жоқ. Мұндай отбасылар негізінен Алматы, Түркістан, Жамбыл облысының тұрғындары».

Жен екен!

Осыған дейін жол полициясының алатаяғын өздеріне қайтару жөнінде



АЛАТАЯҚПЕН ҚАУЫШУ

Министрлік мамандары жұртшылықтың, көлік иелері мен жүргізушілер одағының пікірлеріне талдау жүргізіп, ақыры оның өте қажеттігіне көз жеткізген. Әсіресе түнгі уақытта, жаңбырлы күндер жол қозғалысын реттеуге алатаяқтың қажеттілігі бірден байқалады. Тіпті жол-көлік оқиғалары кезінде көліктерді реттеу мен кептеліс кезінде, жол-жөндеу жұмыстары уақытында бұл полиция қызметкерлері үшін аса қажет. Бағдаршам істен шыққанда, төтенше жағдайларда, көлік қозғалысын реттеу кезінде де көмегі көп.

Айналып келгенде, жол қозғалысын реттеу барысында полицияны алатаяқсыз көру ойланатын мәселе еді. Тек жол қозғалысы тәртібі бұзылған кезде ғана нұсқау қол арқылы беріледі. Мұндай жағдайда арнайы жарық және дыбыс қондырғысын пайдалануға болады. Бұл жағдайда алатаяқ қолданылмайтын болды. Ең бастысы, алатаяқты қайтару заңға өзгеріс енгізуді және бюджеттік шығынды қажет етпейді.

Қисық бұтақ

(Басы 1-бетте)

Өйткені ата-ананың мейіріммен жасаған қамқорлығы баланың психикасын қоректендіреді. Қазіргі замандыққа үйірсектіктің бәрі ата-ананың бала тәрбиесіне көңіл бөлмеуінен туындап отыр. Айталық, 24 сағат уақыттың тең жартысын бала өз-өзімен өткізеді. Ата-аналардың дені тамақ табу қамымен жүр. Тағы да мынадай нәрсе бар. Баланы өсіру деген бар, және тәрбиелеу деген бар. Өкінішке қарай, ата-аналардың көбісі баланы тәрбиелеумен айналысып жүрген жоқ. Тек қана баланы асырап отыр деуге болады. Ал бақылаусыз қалған бала не істемейді? «Баламның репетиторы бар, қосымша сабаққа барып жүр. Компьютері, ұялы телефоны бар. Киімі бүтін, кітабы толық», – деген сөз ғана тәрбиенің алғышарты болып табылады. Ұл-қызды шектен тыс киіндіру мен қадағаламау, ер жете сала қымбат көлікке мінгізу — жақсылықтың нышаны емес.

КИНОДА КӨРГЕНІН ЖАСАЙДЫ



Ата-аналар қымбат киім, қымбат телефон, қымбат көлік балаларға ең керек дүние деп ойлайды. Ал бұл қымбат дүниелерден де ең қымбат нәрсе — ана мейірімі мен әке қамқорлығы екенін ойламайды. Ата-аналар материалдық жағынан ғана махаббатын аямауда. Ал балаға эмоционалды жағынан махаббат жоқ. Қазір ата-анамен баланың қарым-қатынасы белгілі бір шаблоннан аспайды. Ақырында бос жүрген бала әйтеуір бірденеге ұрынады. Сондықтан, әрбір ата-ана баласының бақытты болуын, білім қуу, мамандыққа құштарлығын ояту, айналасына жақсылық жасау, мейірімді болуымен байланыстыру керек.

Жазып алған
Мақпал НОҒАЙБАЕВА

сауалы

Нұрбол ЖҰМАНОВ, үлескер:

– «Ипотеканы төлеп жатырмыз. Бірақ өз пәтерімізге өзіміз кіре алмай жүрміз. Бұл қашанға дейін жалғасады?! Ай сайын 70 мыңнан төлеп отырмын, 20 жылға. Қазір жалдамалы пәтерге де төлеп жүрмін. Енді не істеймін, білмеймін, басқа амал жоқ. Кімге барамыз?

жауабы



Мұхит ӘЗІРБАЕВ,

Алматы қаласы әкімінің орынбасары:

– «Алдағы бір аптада үлескерлердің базинасын біржақты етуге уәде береміз. Құрылыс компаниясы тағы да 700 миллион теңге деп айтып отыр. Ол мәселе 8 үйдің проблемасын шешеді. «Самұрық-Қазына» өкілінің айтуынша, қазір 16 үйді салушы жаңа компаниямен шарт жасау мәселесімен айналысып жатыр».

Кешірім

500
мың

Тұтыну несиесін алып, бірақ қайтара алмай жүрген осыншама азаматтың қарызы кешірілетін болды. Бірақ кредит мөлшері 3 млн теңгеден аспауы тиіс. Бұл туралы кеше үкіметте өткен баспасөз мәслихатында еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі Светлана Жақыпова хабарлады.



Айдос
САРЫМ,
саясаттанушы:

Сөз-Жебе

«Ең маңыздысы – шенеуніктердің қысымынан және әлеуметтік желінің шамадан тыс көбеюінен жапа шеккен дәстүрлі журналистиканың жай-күйіне назар аудару. Әлеуметтік желілер – ашығын айталық, биліктің өзі дәстүрлі медианы қыспаққа алып, есесіне, блогерлерді төрге шығарып соның арқасында әр дағдарыс сайын әлеуметтік желінің ықпалы азайды. Сондықтан біздегі блогерлердің күшеюіне биліктің өздері де әсер етті. Олар дәстүрлі журналистикадан оқшауланып, ақпарат алмаспай, әр дағдарыс сайын Facebook-танның «халқын» он мыңдаған жаңа оқырманға көбейтті. Егер елде қалыпты медиа өріс пайда болса, бәсекелестік туындап, қалыпты журналистика қайта жанданады».

Ktk.kz



ортақ Samruk Qyzmet атты бос орындар сайты іске қосылды.

«САМУРЫҚ - ҚАЗЫНА» ҮЗДІК МАМАНДАРДЫ МАРАПАТТАДЫ



«Елбасы атап өткендей, Қордың басты активі мен әлеуеті — адам ресурстарын дамыту және кадрлармен жұмыс. Сіздер әлемнің тез өзгеріп жатқанын көріп отырсыздар, кеше фантастика болып көрінген нәрселер бүгін біздің өміріміздің күнделікті қажеттілігі. Сіздердің әрқайсыңыз жана дағдылар алып, әлемде болып жатқан жағдайдан қалыс қалмауларыңыз керек», — деп атап өтті Ахметжан Есімов.

Еске салсақ, байқау Қазақстан жастарын қолдау мен дамытуға бағытталған «Жас Самұрық» бағдарламасы аясында биыл сәуір айында басталды. Мақсат — өндіріс орындарында жұмыс жасайтын жас қызметкерлерді қолдау және ынта-

ландыру. Жеңімпаздар қордың SKnews.kz сайтында дауыс беру арқылы анықталды. Қордың әр компаниясынан бір-бір жеңімпаз шықты. Барлығы — 10 адам.

Қазіргі таңда, «Самұрық-Қазына»-ның кадрлық саясаты дарынды жастарды іздеуге бағытталған. Соңғы жылдары қабылданған шаралар нәтижесінде былтыр 1 бос орынға 300 адам өтініш берді, бұл 2017 жылмен салыстырғанда 2 есеге көп. Ал персоналдың тұрақтамауы 1,7 есе төмендеді. Қор компаниялары қызметкерлерінің ішінен жоғары лауазымдарға тағайындау 3,5 есеге өскен. Кадр саясатында жана бастамаларды іске асыру Қорға болашақта Орталық Азиядағы 1 нөмірлі жұмыс беруші болуға және ТМД

кеністігіндегі топ 30-ға кіруге мүмкіндік береді.

Айта кеткен жөн, «Жас Самұрық» бағдарламасы іске қосылған сәттен бастап Қор 100-ден астам жобаны жүзеге асырды. Сонымен қатар, жас таланттарды тарту үшін Қор тобында «Жас Өркен» және «Цифрлық жаз» бағдарламалары іске асырылып жатыр.

Марапаттау салтанатына қатысқан А. Есімов өндірістік және қаржылық нәтижелермен де бөлісе кетті. «Қор ең ірі салық төлеуші — мемлекеттік бюджетке төленетін төлемдер көлемі елдегі барлық салық түсімдерінің шамамен 10%-ын құрайды», — деп атап өтті.

Жамбыл ҚЫРҒЫЗБАЙ

Талқы



Жуырда бір сайтқа сұхбат берген экс-өлші Ермұхамет Ертісбаев Алматы қаласының атауына байланысты пікір білдірді. Ол: «Нұр-Сұлтан қаласы дефис арқылы жазылады, Алматыға да Алма-Ата деген бұрынғы атауын беретін уақыт келді» деген ойын білдіріпті. Саясаткердің бұл сөзі көпшілік арасында пікірталас тудырды. Біз осы пікірге қатысты танымал азаматтардың ойын сұрап, білген едік.

«АЛМА-АТАНЫ» АҢСАП ЖҮРГЕНДЕР

Мұхтар ТАЙЖАН,
қоғам белсендісі:

«Алматыға «Алма-Ата» атауын беруге түбегейлі қарсымын. Алматы атауының да өзіндік ерекшелігі бар. Өйткені «Алма-Ата» атауы бізге орыс тілінен енген сөз. Алматымен болашақ ұрпағымыз өсіп келеді. Оның атауын қайта ауыстыру туралы ой қозғаудың өзін дұрыс деп санамаймын. Алматы атауы сақталуы керек!».



Алтынбек ҚОРАЗБАЕВ,
Халық әртісі:

«Алматы Алатаудың баурайындағы моншақтай қала. «Алма-Ата» атауына ауыстыру туралы пікір айтылған екен. Мен оған қарсы емеспін. Әлемдік көзқараспен қарайтын болсақ, бұл дұрыс шешім. Бұл — Ертісбаевтың ойын қолдау емес, менің жеке пікірім. Өйткені Алма-Ата деген алманың отаны, алманың атасы дегенді білдіреді. Сондықтан Алма-Ата атауы өте жарасымды деп ойлаймын. «Сағындым Алматымды» деген әніме келетін болсақ, «Сағындым Алма-Атамды» деп айта алмаймыз ғой. Сағындым Алматымды деп ән де шықпала береді. Оған еш кедергісі жоқ».



Қали СӘРСЕНБАЙ,
журналист, «Алматы ақшамы»
газетінің Бас редакторы:

«Алдымен Алматы — Алмалық болған. Алматы деп те аталды. Кейін Алматы болды. Сондықтан бұл атау ежелден келе жатыр. Оны түзетуге ешкімнің хақысы жоқ. Өркім өз ойым, көзқарасым айта береді. Оған түсіністікпен қарауға болады. Кейде түсінгің де келмейтін нәрсе болады. Әйтеуір қоғамда «мен бармын» деп бар-жоғын білдіру үшін пікір айтатындар бар. Менің ойымша, бұны ғылыми да, басқалай да негізі жоқ.

Алматы дүниежүзіне осы атауымен танылды. Алма-Ата деген орыстың транскрипциясымен жазылғанын білеміз. Ал бұл кісінің ойлау деңгейі — сол орыстық бағыттың ойлау деңгейі ғой. Олар бұл бағытынан қайтпайды. Сол кезеңді көксей беретіндер де бар. Сол кезеңнің белгілері болса, содан керемет ләззат алатындар бар. Алматының мың жылдығы ЮНЕСКО көлемінде тойланды. Жалпы, мұндай пікірге мән бермегеніміз жөн. Оған құлақ асып, мән берсек, олар әлдеқандай болады.



Дайындаған Макпал НОҒАЙБАЕВА

QOĞAM



E-mail: jasqazaq2019@mail.ru

www.jasqazaq.kz

**БЖЗҚ-дан
бір дерек**

Жас келген сайын адамдар қарттық шақ туралы ойлай бастайтыны белгілі. Кім де болса зейнет жасында лайықты өмір сүргісі келеді емес пе!? Әрине, ол үшін зейнетақы жеткілікті көлемде болуы керек. Жұртшылықты мазалайтыны да осы: болашақ зейнетақы қалай болады? Ол жеткілікті болуы үшін не істеу керек?

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ТАБЫС ҚАЛАЙ ҚАЛЫПТАСАДЫ?

Алдымен зейнетақының неден құрала- тындығын айта кетелік. Бүгінде қазақстан- дықтардың жиынтық зейнетақысы екі төлем көзінен құралады. Бірі — мемлекеттік бюджеттен төленетін базалық және ор- тақ зейнетақы, екіншісі — зейнетақы ко- рынан төленетін төлемдер. Қазір қолға тиетін жиынтық зейнетақының 80 пайыз- дан астамы мемлекеттік зейнетақыларға тиесілі. Бірақ болашақта Қордан берілетін төлемдердің рөлі, үлесі арта түспек. Демек ресми түрде жұмыс істеп, зейнетақы жарна- ларын Қордағы жеке зейнетақы шотыңызға тұрақты аударып тұру және оны үнемі қада- ғалап отырудың қаншалықты маңызды екендігі айтпаса да түсінікті.

Салымшылар мен алушылардың Қор- дағы зейнетақы жинақтары тек қана жар- налардан тұрмайды. Оларға күн сайын ин- вестициялық табыс есептеліп отырады. Оның мөлшері салымшының шотындағы қаражаттың, ай сайын түсетін жарналардың көлеміне, олардың түсу жиілігіне, жинақ- тарды инвестициялау кезеңіне, сондай-ақ сатып алынған бағалы қағаздардың нарық- тық бағасы мен валюта бағамының өзге- руіне тікелей тәуелді. Бүгінде Қордағы зейнетақы жинақтарының 70 пайызы — салымшылардың жарналарынан, ал 30 пай- ызы — төлемдерді ескере отырып, жинақ- талған инвестициялық табыстан тұрады.

мен салыстырылып тексеріледі. Бұл ретте оның зейнетақы жүйесіне қатысқан бүкіл кезеңіндегі инфляция деңгейі ескеріледі. Егер алушының зейнетақы жинақтарының жалпы сомасы инфляцияға тең және одан жоғары болса, мемлекеттік кепілдік бой- ынша айырма сомасы төленбейді. Ал егер төмен болса, «Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік корпорациясы айырма төле- мін есептеп, біржолғы төлем ретінде респуб- ликалық бюджет есебінен алушының банк шотына 10 жұмыс күні ішінде аударалы.

Ал зейнетақы жинақтары құнсызданып кетпей, керісінше табысты болуы үшін оларды Қазақстан Республикасының Ұлт- тық Банкі сенімгерлікпен басқара отырып, тәуекелі төмен, табысы тұрақты әр түрлі қаржы құралдарына ұзақ мерзімге инвести- циялайды. Мақсат — осы ұзақ мерзімді болашақта тұрақты инвестициялық табыс алып тұру. Осылайша зейнетақы активте- рінің портфелі барынша әртараптандырыл- ған. Бұл ретте сатып алынған қаржы құрал- дарының көлеміне қарай олардың ішінде алғашқы үштікті атап өтуге болады. Бірінші орында Қазақстан Республикасының мем- лекеттік бағалы қағаздары. Олардың үлесі — 40 пайызға жуық. Екінші орында еліміз- дегі квазимемлекеттік ұйымдарының обли- гациялары. Олардың үлесі — шамамен 14 пайыз. Ал үшінші орында Қазақстан Рес-



Ал инвестициялық табыс дегеніміз не? Ол — сатып алынған құнды қағаздар бойын- ша түскен сыйақылардан, сол құнды қағаз- дар мен шетелдік валютаны қор және валю- та нарығындағы өзгерістерге байланысты қайта бағалаудан құралатын ақша.

Инвестициялық табыс — тұрақсыз шама. Оның көлемі кей жағдайларда шетелдік вал- люталар бағамының құбылмалылығы және қаржы құралдарының нарықтық құнының өзгеруі салдарынан төмендеуі мүмкін. Сәй- кесінше зейнетақы активтерінің табысты- лығы да инфляция деңгейінен төмендеп кетуі ықтимал. Бірақ бұл уақытша ғана си- патқа ие. Сондықтан бұған аландаудың еш қажеті жоқ.

Негізі зейнетақы активтерінің табысты- лығын айлық, токсандық мерзімде емес, жылдық мерзімде немесе одан да ұзақ мер- зімде қарастырған жөн. Жылдық тұрғыда табыстылық қашан да инфляциядан жоғары. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры құрылғаннан бері жинақталған инвести- циялық табыс оң сипатқа ие. Оған мына статистикалық мәліметтер айқын дәлел бола алады: 2014 жылдың 1 қаңтары мен 2018 жылдың 31 желтоқсанына дейінгі кезеңде жинақталған шынайы табыстылық 9,93 пайызды (бұл ретте жалпы табыстылық 59,38%, ал инфляция 49,45%) құрады.

Ал биылғы жылдың 7 айы ішінде сал- ымшылар мен алушылардың шоттары- на есептелген таза инвестициялық та- быс сомасы 363,2 млрд теңгеден асты. Зейнетақы жинақтарының табыстылығы жыл басынан бері 3,77 пайыз, ал инфля- ция 2,8 пайыз болды. Егер бұл көрсеткішті жылдық тұрғыда алып қарайтын болсақ, зейнетақы жинақтарының табыстылығы соңғы 12 ай ішінде 9,65 пайызды құрады. Бұл кезеңде инфляция деңгейі 5,4 пайызды көрсетті. Осылайша зейнетақы активтерінің табыстылығы инфляциядан жоғары болып, нақты табыстылық 4,25 пайызға жетіп отыр. Яғни, зейнетақы активтерінің табыстылығы бәрібір инфляциядан жоғары.

Тіпті зейнетақы жинақтарының табы- стылығын инфляциядан төмен болған- нын өзінде бұған уайымдауға еш негіз жоқ. Өйткені мемлекет инфляция деңгейін еске- ре отырып, зейнетақы жарналарының нақты енгізілген мөлшерінде сақталуына кепілдік береді. Яғни, жарналарының зейнетақы қорына аударған кездегі құндылығы сақ- талады. Қорда зейнетақы жинақтары бар адам зейнетақы алу құқығына ие болған кезде оның шотындағы жинақ ақша осы шотқа енгізілген жарналардың сомасы-

публикасының екінші деңгейдегі банктері- нің облигациялары. Олардың портфельдегі үлесі — 12 пайыздан асады.

Зейнетақы активтері есебінен сатып алынған қаржы құралдарының шамамен 65 пайызға жуығы теңгеді, 35 пайызға жуығы АҚШ долларында және 0,4 пайыздан аста- мы басқа валюталарда жинақталған. Неге бұлай? Өйткені Қордан зейнетақы төлемдері теңгемен төленетін болғандықтан, зейнет- ақы активтерінің басым бөлігі теңгеде номиналданған. Бұл қаражат тиісінше ел экономикасының дамуына бағытталған. Ал валюталық жайғасымның болуы зейнетақы активтерін инвестициялаудың географиясы мен қаржы құралдарының қатарын көбей- туге, инвестициялық портфельдің сапасы мен өтімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Валюталық позиция, сондай-ақ ұлттық вал- люта әлсіреген жағдайда салымшылардың жинақтаған зейнетақы қаражатын қорғауға септігін тигізеді.

Қордағы зейнетақы жинақтарын еселе- ндіре түсудің тағы бір тиімді жолы — ол, ерікті зейнетақы жарналары екендігін айта кеткен жөн. Осы жарналар арқылы Қордағы жи- нақтардың көлемін едәуір арттыруға бола- ды. Сәйкесінше Қордан жүзеге асырылатын төлемдердің мөлшері де төлену мерзімі, ол- арға есептелетін инвестициялық табыстың көлемі де арта түседі.

Осылайша елімізде зейнетақы жинақ- тарының сақталуын қамтамасыз ететін біре- гей мемлекеттік кепілдік моделі жұмыс істейді. Соған сәйкес болашақ зейнеткерлерді зей- नेताқымен қамсыздандыру жауапкершілігі мемлекет, жұмыс беруші және салымшы арасында оңтайлы үлестірілген. Зейнетақы шотындағы жинақтар салымшының меншігі болып табылады және мұраға қалдырылады.

Енді Қордың ағымдағы қызметі бойын- ша негізгі көрсеткіштерге шолу жасалық: 2019 жылдың 1 тамызына қарай жарналар- дың барлық түрі бойынша зейнетақы жи- нақтарының жалпы сомасы 10,17 трлн теңгені құрап, жыл басынан бері 8 пайызға, ал бір жыл ішінде 1,6 трлн теңгеге неме- се 19 пайызға өскен. Ал жеке зейнетақы шоттарының жалпы саны жыл басы- нан бері 152 мыңдай шотқа көбейіп, 10,3 млн бірлікті құрап отыр. Осы зейнетақы шоттарының барлық түрі бойынша келіп түскен жарналардың сомасы жыл басы- нан бері 549,2 млрд теңге болды. Бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда шамамен 15 пайызға жоғары.

Жолдасбек ДУАНАБАЙ



E-mail: jasqazaq2019@mail.ru

www.jasqazaq.kz

NARYQ

Сұхбат

Биыл Еуразия экономикалық одақтың кеден кодексіне сай бірыңғай техникалық талаптарды енгізу мерзімі аяқталады. Осыған байланысты отандық экспорттаушы кәсіпорындар тұтынушыларға сапалы өрі қауіпсіз өнім ұсынуы тиіс. Бірақ еліміздегі сүт өндіруші зауыттар бұл талаптарға толық сай емес көрінеді. Өйткені ірілендірілген ірі қара шаруашылықтары аз. Ал ауыл тұрғындарынан қосымша жиналатын сүт сапасына ешкім жауап бермейді. Біз осындай өзекті сауалдар төңірегінде Қазақ ұлттық аграрлық университетінің қауымдасқан профессоры Серғалы Мырзақұловпен сұхбаттасқан едік.

Жас қарақ: Серғалы Мейманқұлұлы, біздің естуімізше, жекелеген шаруалардан жиналатын сүттің 90 пайызы Еуразия экономикалық одақтың талаптарына сай емес көрінеді. Мұның себебі неде?

Серғалы Мырзақұлов: Ең алдымен Кеден кодексіне



робот сауады. Бәрін уақытында орындап, сауылған сүтті автомат есептеп отырады. Шаруаға бір адам араласпайды. Мұндай жерде санитарлық тазалық, қауіпсіздік те сақталады. Ең бастысы, өнімнің қашан әзірленгені, құрамы, сақталуы және сапасы туралы құжат жасалады. Малдың денсаулығынан бастап, сауылған сүттің құрамына дейін өте мұқият тексеріледі. Тиісті жерге уақтылы жеткізіледі. Соған сай сүтке баға қойылады. Оларда сүт өндірісіне қажетті барлық маман бар. Міне, бәсекеге сай жұмыс істеу, кеден талаптарын орындау деген осы.

Ал ауыл тұрғындарынан жиналатын сүттің сапасына еш кепілдік жоқ. Әр үйден 5-10 литрден жиналатын сүт шалғайдағы зауытқа жеткенше өзгеріске ұшырайды. Мал ірі шаруашылықтардағы секілді пайдалы жем-шөп те жемейді. Осыдан кейін сапа

СҮТ ОРНЫНА СУ БЕРГЕН...



орай жасалып жатқан өзгерістер өте орынды. Бұл сақтық үшін керек. Мұнда бірінші кезекте қойылар талап — сүт ірі фермаларда өндірілуі тиіс. Ал елімізде табиғи сүттің 90 пайызы жеке адамдардан, кожалықтардан жиналатындықтан, сүттің 60 пайызы талапқа сай болмай шығады. Бұл шынында да тауар алмасатын әріптестерімізге ғана емес, тұрғындардың денсаулығы үшін де қауіпті.

Тағы бір үлкен кемшілік — сүт бағытындағы ірі шаруашылықтар өте аз. Әр облыста асыл тұқымды сиыр ұстайтын 2-3 ірі шаруашылық қана бар. Оларда өндірілген өнім сүт зауыттарының

толыққанды жұмыс істеуіне жетпейді. Қысқасы, сүт тапшы. Бұл амалсыз ел-жұрттан сүт жинауға мәжбүр болады.

Жас қарақ: Елден жиналатын сүт пен ірі шаруашылықтардағы өндірілетін сүтте айырмашылық көп пе?

Серғалы Мырзақұлов: Айырмашылықты жер мен көктей деуге болады. Осы мәселеге терең үнілейікші. Ірі шаруашылықтарда малды азықтандырудың өз режимі бар. Онда жем-шөптің неше түрі әзірленеді және азық малға уақытында беріледі. Жұмыс толық автоматтандырылған. Мәселен, Алматы маңында бір сүт зауыты бар. Сиырларды

туралы не айтуға болады? Әрі олар сүттің литрін 100-150 тенгеден ғана сатады. Болар-болмас ақша. Ал ірі шаруашылықтардың сүті қымбаттау. Дайын өнім дүкенге түскенде литрі 500 тенгеге дейін барады.

Әрі малдың құжаты да жоқ. Ірі-қара арасында індет көп, сүтті сауып сатқан адамның қандай жұқпалы дертпен ауырғанын ешкім білмейді. Осының бәріне тосқауыл қою үшін кеденшілер бірыңғай техникалық талаптарды іске қосқалы отыр. Қалай десек те, бұл — өте дұрыс шешім.

Сұхбаттасқан Жолдасбек ДУАНАБАЙ

«Көгілдір отын»

«Бейнеу-Бозой-Шымкент» газ құбырынан басталатын «Сарыарқа» магистральдық газ құбырын елді мекендерге «ҚазМұнайГаз» компаниясы мен әкімдіктер тартады. «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы Басқармасының төрағасы Ахметжан Есімов газ магистралінің 820 шақырымына барып, құрылыс барысымен танысты, деп хабарлайды компанияның баспасөз қызметі.

«САРЫАРҚА» МАГИСТРАЛЬДЫҚ ГАЗЫН ЕЛДІ МЕКЕНДЕРГЕ ӘКІМДІКТЕР ТАРТАДЫ



Айта кетейік, «Сарыарқа» газ құбыры трасса-сының құрылысы 2019 жылдың қазан айында аяқталады деп күтілуде. Жоба толығымен 2019 жылдың аяғында салынып бітеді.

Жалпы, «Самұрық-Қазына» басқармасының басшысы құрылыс объектісіне оң баға берді. Ең бастысы, Ахметжан Есімов атап өткендей, құрылысты уақтылы аяқтап, сондай-ақ іске қосу-жөндеу жұмыстарының өз мерзімінде аяқтау керек.

Айта кеткен жөн, газ магистраліндегі негізгі жұмыстар 2019 жылдың соңына қарай аяқталуы керек. Ал, жобаны толықтай 2020 жылы пайдалануға енгізу жоспарланып отыр. Газ құбырының ұзындығы 1061 шақырым, ол 1,7 млн тұрғыны бар 171 елді мекенді қамтиды. Газ құбыры Қазақстанның Тұңғыш Президенті — Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың тапсырмасы бойынша салынып жатқанын айта кетейік. Көптен бері айтылып жүрген газ желісі Қазақ-



«Қазіргі таңда газ құбырының құрылысы 75% тәмамдалды. Жалғау жұмыстары Қарағанды мен Ақмола облыстарында жүргізілуде. «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ әкімдіктермен бірлесе отырып, құрылыстың желілік жағы тәмамдалғаннан кейін елді мекендер мен астананы газбен жабдықтауға кіріседі», — деді құрылыс орнында сөз алған «АстанаГазКМГ» АҚ Бас директоры Сағидолла Мақашев.

станның астанасын, елдің орталық және солтүстік өңірлерін газбен жабдықтауға арналған.

«Самұрық-Қазына» қоры осы ірі жобаны қаржыландыруға қатысып отыр, негізгі мердігер — «ҚазҚұрылысСервис» компаниясы, операторы — «Астана Газ КМГ» компаниясы. «Сарыарқа» газ құбыры «Бейнеу-Бозой-Шымкент» газ құбырынан басталады.

Талап ТІЛЕГЕН

Қазақ REALISM



Ақылы жолда айланып асырғысы келетін қулар

Фото: zakon.kz

Қызықтан қызықтары

«ТҰРМЫСЫ ТӨМЕННІҢ» LEXUS КӨЛІГІ БАР

21 мың теңгенің шеті шыққалы бері қарапайым халықтан маза кетті. Бірі шынымен әлеуметтік көмекке мұқтаж. Ал бірі жағдайы болса да сол қаржыдан құр алақан қалғысы келмейді.



Осындай бір тұрғын Павлодарда анықталды. Ол балаларына қалам-дәптер сияқты әлеуметтік көмек алуға қымбат көлікпен келіп, акцияны ұйымдастырған «Павлодар еріктілер клубы» қоғамдық қорының мүшелерін таң қалдырды. Ақпарат құралдары жазғандай, тұрмысы төмен отбасымыз деп волонтерлерге келген ер адамның қолындағы анықтамасында, ата-ананың айлығы 25 мың және 31 мың теңге екені көрсетілген. Кейін анықталғандай, отағасы аса қымбат Lexus көлігінің соңғы моделін мініп жүр. Оның отбасы үлкен, коттеджке бергісіз үйде тұрады екен. Оған өзіміз барып көз жеткіздік, — деп жазады волонтерлер. Балаларына зияны тимесін деп, әлгі отбасының кім екені жасырын күйде қалды.

Денсаулық

Мемлекеттік мекемелердің атауы сан түрлі болғанымен, олардың әрқайсысының атқарып отырған қызметі бір-біріне мүлде ұқсай бермейді. Әр мекеме өздеріне артылған жауапкершілікті біледі және соған сай қызмет көрсетеді. Айталық денсаулық сақтау саласы халыққа күнделікті қызмет көрсету жолында не істеу қажеттігін және заманауи емдеу әдісін қалай қолдануды жақсы меңгерген. Бұл тұрғыда «Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған «Денсаулық» мемлекеттік бағдарламасы басты бағдар болып отыр. Осыған сай Нұр-Сұлтан қаласында қыруар жұмыстар жүргізіліп келеді. Шын мәнінде, ел орталығында денсаулық сақтау саласының жай-күйі қандай? Ана мен бала өміріне қаншалықты көңіл бөлінеді? Цифрландыру жұмыстары қалай жүргізіліп жатыр? Былтыр қолға алынған «Үйдегі дәрігер» жобасы қаншалықты сәтті іске асты? Осы секілді сан түрлі сұраққа жауап іздеп, біз қалалық денсаулық сақтау басқармасы басшысының орынбасары Әлия Рүстемовамен ой бөліскен едік.

БАСТЫ НАЗАРДА – АНА МЕН БАЛА

Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы басшысының орынбасары Әлия Рүстемованың



айтуынша, «Үйдегі дәрігер» жобасы да сәтті іске асырылуда. Бұл жобаның аясында 20 минуттық медициналық көмектің қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін 7 жаңа нысан ашылған. Жакында 2-еуі іске қосылмақ. Жыл соңына дейін тағы осындай 2 нысан ашылады.

Әлия Рүстемова бізге сөз арасында: «Ана мен бала өлімін төмендетуге бағытталған негізгі іс-шараларға тоқталар болсақ, жүкті әйелдерге, босанған әйелдерге уақтылы, мамандандырылған, шұғыл медициналық көмек көрсету үшін №1 қалалық аурухана мен №2 перинаталды орталықты біріктіру арқылы №1 қалалық көпбейінді аурухана құру жоспарланып отыр. Бұдан бөлек, 250 төсек орны бар акушерлік бөлімнің құрылысы қарастырылған. Бұл — жүкті және босанған әйелдерге қолайлы жағдай жасау және медициналық көмектің сапасын арттыруға бағытталған шаралар. Қала бойынша негізгі медициналық-демографиялық көрсеткіштер жақсарғанын ерекше атап өткен жөн. Осылайша, соңғы жылдары Елордада өмір сүру ұзақтығы артып, жалпы өлім-жітім, күрт ауруы, катерлі ісік, қан айналымы жүйесі секілді түрлі аурулар азайды», — делі.

Әңгімеден аңғарғанымыз, Елордада бұрын-соңды болмаған жұмыстар жүргізіліп,

тұрғындардың денсаулығын сақтау бағытында нақты қаламдар жасалуда. Мәселен, былтырдан бері қалалық емханаларда қосымша учаскілер ашу жалғасып жатыр. Бір ғана 2018 жылдың өзінде емханаларда қосымша 134 бөлімше

бүгінге дейін үш деңгейлі жүйе бойынша 18 213 медицина қызметкері оқытылыпты. Мысалы, биылдың өзінде 3452 адам *(оның 40-ы шетелде)* онкология, акушерлік және гинекология, анестезиология және қарқынды

терапия, травматология, нейрохирургия, оториноларингология, хирургия бойынша Швейцария, Германия, Оңтүстік Корея және Израиль елдерінің алдыңғы қатарлы клиникаларында біліктілігін арттырды.

МЕДИЦИНА
ЦИФРЛАНЫП
ЖАТЫР

«Цифрлы Қазақстан» бағдарламасы қолға алынғалы үлкен шаруалар атқарылуда.

Денсаулық сақтау саласын цифрландыру — отандық медицинаны дамытудың маңызды бағыттарының бірі. IT-медицина саласында бірсыпыра жұмыс жасалып жатқан көрінеді. Айталық, енді Елордада дәрігердің қабылдауына мобильді қосымша арқылы немесе KometK109 байланыс орталығы арқылы жазылуға болады. Бұдан бөлек, медициналық ұйымдарда 1 миллионнан астам құжат цифрландырылған. Осы жұмыстардың арқасында әр тұрғынға электронды төлқұжат жасалыпты.

Бұдан бөлек, елімізде тұңғыш рет Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігі «Адалдық алаңы» жобасымен бірлесіп, медициналық анықтамалар мен медициналық кітаптар шығарудың заңдылығын тексеретін ақпараттық қызмет

жасалды. Енді оны Smart Astana мобильді қосымшасына ЖСН деректерін енгізу арқылы тексеруге болады. Бұл шаралар жалған медициналық құжаттардың таралуына жол бермейді.

Басқарма басшы сөз соңында жақын уақытта жүзеге асырылуы тиіс жоспарлар мен міндеттерді де тілге тиек етті. Оның айтуынша, алғашқы медициналық-санитарлық көмекке қолжетімділіктің артуы, қалалық біртұтас клиникалардың көпсалалы емханалармен үйлесімді жұмыс істеуі басты назарда тұр. Сол сияқты, «Мәскеу дәрігері» секілді көрші Ресейдегі жобаға ұқсас «Елордалық дәрігер» атты нұсқа әзірлеу жоспарланып отыр. Жобаның мақсаты — елордалық дәрігерлердің мәртебесін көтеру, оларды



ынталандыру және жаңа технологияларды көптеп енгізу.

Бұл денсаулық сақтау саласындағы бүгінге дейін жасалып жатқан нәтижелі жұмыстардың бір көрінісі ғана. Алдағы уақытта медициналық туризмді де дамыту қолға алынбақшы. Дейтұрғанмен, қазірдің өзінде бас қалаға ем іздеп келген шетелдіктердің де қарасы көбейгенін айта кеткен жөн.

Нұр-Сұлтан — елдің ордасы. Сондықтан қала тұрғындарымен бірге, шалғайдағы қарапайым жұрт та Елорда медицинасының келешегіне сеніммен қарайды. Сол себепті ел-жұрттың үкілі үмітін ақтау — дәрігерлердің басты міндеті.

Игілік

Нұр-Сұлтан қаласы – еліміз тұрғындарымен қатар шетелдік қонақтар үшін де жайлы қалаға айналуы тиіс. Осы бағытта криминалистерге артылар міндет көп. Өз кезегінде полиция қызметкерлері де елге қалтқысыз қызмет етуді басты бағдар етіп алған. Біз бұл жолы шаһардың полиция басқармасы криминалдық полиция бөлімінің қызметі туралы жан-жақты хабардар етуді жөн көрдік. Өйткені олардың қызметі тәулік бойы жалғасып жатады. Көз келген уақытта қылмыс орнына баруға даяр отыратын мамандар болған оқиғаның арғы жағынан әділдіктің ақ жолын іздейді. Шындықтың бетін ашуға ұмтылады.

Бұл оқиға тамыз айының соңғы аптасында болған. «25 жастағы қыз өз-өзіне қол жұмсамақ болды» деген хабар жеткен соң, тәртіп сакшыларымен бірге оқиға орнына аттандық. Көлікте жүргізушіден бөлек, істі жүргізетін үш адам бар: тергеуші, криминалист және жедел уәкіл.



Оқиға қаладағы көпқабатты тұрғын үйлердің бірінде тіркелген. Мөлдiр есімді 25 жастағы бойжеткен үй иесінің сенімді қызметкері болыпты. Қожайынның әбден сеніміне кірген соң бағалы заттарын жымқыратын әдет шығарыпты. Алғашқы ұрлығын киімнен бастаған. Қыстығүні киетін ішкітерін, жаздығүні араға уақыт салып, бірінен соң бірін ұрлаған. Тергеуші сол арада ішік тұрған шафтаңнң есігіне арнайы себетін заттарын пайдаланып, қол ізін түсіріп алды.

«Қымбат екі тоным қолды болды. Алғашқысын Қытайдан алғанмен. Бағасы аса қымбат емес, шамамен 1500 АҚШ доллары. Тенгеге шаққанда 600 мыңға жуық. Бұл қарапайым қызметкердің төрт-бес айлық табысы.

Жарайды, оған мән бермедім. Себебі киімнің жоғалғанын том кеш байқалдым. Нақты айғақтар болмаған соң, полицейлерге хабар беруді жөн көрмедім. Одан кейін де үйдегі ұсақ-түйек заттарым жоғала бастады. Оны да көзге ілмедім. Мөлдiр осыған үйреніп қалған болса керек, екі күн бұрын шафта тұрған қымбат тонымның біреуі бүгін жоқ. Сұрасам алғанын, ақшадан қысылған соң уақытша ломбардқа өткізгенін айтты. Дерев қайтып әкелуді тапсырдым. Себебі оның бағасы өте қымбат еді. Аукционнан бір жарым миллион тенгеге сатып алдым», — дейді үй иесі Сауле Серікова *(аты-жөні өзгертілді — автор)*.

Оның қанша ақшаға өткізгені әзірге белгісіз. Құны 1,5 млн тенге тұратын ішкіт ломбардқа өткізген соң бойжеткен уланатын дәрі ішіп, өзіне-өзі қол жұмсауды жөн көріпті. Әдетте өмірден түнілген адам жұрт жоқ жерде жан тәсілім еткенді немесе биіктен секіріп кеткенді жөн көреді. Ал Мөлдiрдің әрекеті оған мүлдем ұқсамайды. Дәрі ішер алдында өз әрекеті туралы құрбысына хабар беріп қойыпты. Әрине, ол уақыт жоғалтпай, дереу жедел жәрдем қызметкерлерін шақырып үлгерген.

Криминалист маман осы арада іске қанық болған соң, Мөлдiрдің бұл ісі суицидке қарағанда, Сәуленің аяушылық сезімін тудырып, қателігін кешіре салар деген ниетпен жасалғанын білді. Әрине, жағдайдың ушығып кетпеуі үшін бұл ойын үй иесіне айтпады. Дегенмен ол кісі де Мөлдiрдің ойын бесенеден жаксы біледі екен. Осы орайда Сәуле: «Мөлдiрді бірнеше жылдан бері танымын. «Бір әйелдің қулығы қырық есекке жүк болыпты» деген тегін айтылмайды. Бөрің алдын ала жоспарлап, осындай қадамға барып отыр. Мен оның үстінен арыз жазамын. Бүгінге дейін жоғалған заттарымды сол алды. Занды тұрғыда бөтен адамның затын ұрлағаны үшін 3,5 жылға дейін абақтыға қамалады екен. Жазасын тартсын», — деп ренішін білдірді.

Сонымен не керек, тергеуші Мөлдiрдің саусак ізін түсірген соң, жедел уәкіл түрлі сұрақтарын қойып, жауабын қағазына жазып алды. Істің ары қарай қалай жалғасары әзірге белгісіз. «Қылмысқа нөлдiк төзімділік» деген қағида осы болса керек. Дегенмен үй иесі арызын қайтып алып, кешірім жасаса, Мөлдiрге екінші мүмкіндік беріледі. Кері жағдайда 25 жастағы бойжеткен ауруханадан шыққан соң темір торға аттанады...

САҚШЫЛАР СЕРГЕК ЖҮРЕДІ

Криминалды полицейлердің артық уақыты көп бола бермейді. Бұл топқа біз кешқұрым уақытта қосылсақ, олар таң сәріден бері қызметте жүр. Түстеніп те үлгермеген. Әлгі оқиғадан шыққан соң ешкімнен шақыру түспепті, уақытты тиімді пайдалану үшін жақын маңдағы дәмханалардың біріне тарттық. Дастархан

барысында криминалды полиция бөлімінің аға жедел уәкілі Қуаныш Қалматаев ең алдымен адам жоғалу деректері бойынша әңгіме қозғалды. «Көбіне балалар жоғалып жатады. Жағдай әдеттегідей, ата-аналар бақыламай, баласынан көз жазып қалады. Хабар түскен соң дереу жақын жердегі қызметте жүрген тәртіп сакшыларын толықтай жұмылдырамыз. Сол манайдағы камераларды ашып көреміз. Қуанарлығы, көбісі арада екі-үш сағат өткенде табылып жатады. Ал ересек кісілерге келер болсақ, басқа қаладан табылып жататын сәттер жиі кездеседі.

Жақында БҰҰ әлем бойынша миллиондаған адам құлдықта жүргенін хабарлап, дабыл қаққанын оқыдым. Бірақ Нұр-Сұлтан қаласында

ӘДІЛДІКТІҢ ЖОЛЫНДА ЖҮРГЕНДЕР

ондай жағдай кездескен емес. Бұл Елорданың қауіпсіз қала екенінің бір белгісі. Ондай жағдайға тап болмайық деп тілеймін», — дейді полиция капитаны.

Осыдан кейін әңгіме ауаны астанада кісі өлімі қаншалықты көп тіркелетініне қарай ауды. Криминалист маманның айтуынша, көбісі ауру меңдегеннен немесе жасы жетіп қайтыс болады. Сұхбат барысы осы тақырыпқа ауысқаны сол-ақ еді, арада екі минут өтер-өтпес бір адамның қайтыс болғаны туралы орталықтан хабар түсті. Алдыңғы шақыру мен қазіргі арасы көп болса жиырма-ақ минут. Міне, бұл криминалды полицейлердің күні бойғы бос уақыты.

Содан не керек, оқиға орнына жеттік. Қайтыс болған 1952 жылғы азамат. Сағат 22:10 уақытында жаны шығыпты. Жаман ауру мендеп, ақыры түбіне жеткен. Оң аяғы матамен оратылып, сырты пакетпен қапталған. Үлкен ұлының айтуынша, былтыр аяғына гангрена түсіп, ішірі бастаған, дәрігерлер тізесіне дейін кеспесе, ісік ауруына жалғасатынын ескерткен. Алайда наукас көнбеген. «Былтыр дәл осы тамыз айында ауыра бастады. Аяғын кестіруге қанша үгіттегенімізбен еш көндіре алмадық. Соңғы төрт ай бойы орнынан тұра алмай жатып қалды. Бірер ай бұрын жара екінші табанына түсті. Енді, міне, ауруды жене алмай, бір жыл ішінде қайтыс болып кетті», — делі Наталья есімді.

Мәйіттің арқасы жата-жата қызарып, көгеріп кетіпті. Тергеуші сол арада бөрің фотоаппаратына түсіріп міндетін атқарған соң жедел уәкіл анализдерін толығымен жазып алуға кірісті. Артынша арнайы көлік шақырып, мәйітті мәйітханаға алып кетті. Ол жерде қайтыс болған кісінің адам қолынан қаза болмағанына толықтай көз жеткізеді екен. Реті келгенде Қуаныш Қалматаев:

«Жақында бір адамның көз жұмғаны туралы хабар түсті. Барсақ, мәйіттің денесінде соккының я болмаса киналып қайтыс болған белгі жоқ. Жап-жас адамның неден қайтыс болғаны түсініксіз. Бірақ мәйітханаға жеткізілгенде ғана мамандар мойнының шеміршектері үзілгеніне қарап, қылқындыру әдісінен көз жұмғанын анықтады. Өз жұмысымызда мұндай жасырын қылмыстарға мүқият болуымыз керек. Қазір осы іске қатысты тергеу жұмыстары жүріп жатыр. Мәйітханада ғана істің анық-қанығы толық белгілі болады», — делі.

Бұл екі шақыруға бас-аяғы бес сағаттай уақыт кетті. Біз шыққанда сағат 00:10 көрсетіп тұрды. Криминалды полицияға жүрек жұртқан

жандар ғана қызметке тұрмаса, қарапайым адамның бұл жұмысты толығымен атқаруы екіталай. Күніне неше түрлі оқиға, сан түрлі қылмыс болады. Оның бөрің анықтап, қылмыскерлерді дер уақытында табу екінің бірінің қолынан келмейді. Ал кісі өлімі... Мұндай жағдайды жиі көру үшін адам жүрегі қоладан жаратылуы керек шығар.

Қала өмірінің тыныштығына жауапты мамандар жайлы кейде жұрт арасында түрлі әңгіме кезіп жүреді. Бірақ арнайы уақыт бөліп, криминалистердің жұмысын өз көзімен көргенде ғам әлгі пікірлердің жансақтығына көз жеткізуге болады. Адам өміріне, қоғамның қауіпсіздігіне жауапты азаматтардың жұмысы қашан да мақтауға тұрарлық.

Бетті дайындаған
Ғабиден ДОСЖАН,
Астана қаласы бойынша
меншікті тілші



Бағдар

Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытудың 2015 – 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы еліміз бойынша өндірісті жаңғыртуға, экономиканы қарышты дамытуға, серпінді ілгерлөуге жол ашты. Индустриалды жобалардың санын көбейтуге көптеп назар аударылғандықтан, қазірдің өзінде аймақтарда айтулы табыстарға қол жеткізілуде. Осыған орай Түркістан облысында да бірқатар жұмыстар атқарылып, аймақтың ажары кіре бастады. Айталық, өткен жылдан бері индустриалды аймақтардың саны артып, отандық өнім өндіруден көшбасшы өңірге айналды. Ендеше, үдемелі индустриялды – инновациялық даму бағдарламасы аясында қайта түлеген Түркістан өлкесінде атқарылып жатқан тындырымды тірлік пен ауқымды жобалар туралы баяндайық.

ТОҒЫЗ ЖОЛДЫҢ ТОРАБЫНДА ТОҒЫЗ АЙМАҚ

«Оңтүстік» индустриалды аймақтардың басқарушы компаниясы» ЖШС басшылары бізге Шымкент қаласы мен Түркістан облысында инвесторларды тарту бойынша белсенді жұмыстар жүргізіліп келе жатқанын айтты. Мұнда жуырда Жапония, Пәкстан елдерінен делегациялар келген. Бұдан бөлек, Қазақстан-Өзбекстан бизнес-форумы аясында индустриалды аймақ аумағында инвестициялық жобаны іске асыру туралы бірқатар меморандумға қол қойылған. Сондай-ак, индустриалды аймақтарға жаңа жобаларды тарту үшін 25 әлеуетті инвестормен кездесулер өткізілді.

Компания тарапынан Өзбекстан, Ресей, Беларусь, Украина, Германия, Жапония, Оңтүстік Корея және басқа да елдердің ірі кәсіпорындарына 320 шақыру хаты жіберілген. Ең бастысы жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің қарамағындағы кәсіпорындар заманауи құрылғылармен, озық үлгідегі жабдықтармен қамтамасыз етілуде. Осындай іргелі істер үдемелі индустриялды – инновациялық даму бағдарламасына сай іске асып, өз жемісін бере бастаған.



Бүгінде Түркістан облысында 9 индустриалды аймақ құрылған. Оған бөлінген жердің жалпы ауданы 533 гектарды құрайды. Соның ішінде жалпы ауданы 273 гектарды құрайтын 7 аймаққа инфрақұрылым тартылған. Олардың қатарында Түркістан мен Кентау қаласы, Созақ, Шардара, Түлкібас, Қазығұрт және Мақтаарал аудандарындағы индустриалды аймақ бар.

Инфрақұрылым құрылысы бұдан басқа 260 гектарды құрайтын 2 аудан мен қалада жүріп жатыр. Қазір облыстағы индустриалды аймақтарда 78,778 млрд теңгені құрайтын 61 жоба қолға алынған. Онда 3 349 жұмыс орны ашылады. Қазіргі кезде 61 жобаның ішінде 20 млрд теңгені құрайтын 23 жоба нақты қолға алынып, 1215 адам жұмыспен қамтылған. Ал өткен жылы 8,4 млрд теңгені құрайтын 5 инвестициялық жоба жүзеге асып, 222 жұмыс орны ашылған болатын.

Атап айтсақ, «КТИЗ БАДАМ» индустриалды аймағында «Gold Aluminum» ЖШС-нің ПВХ профиль, ПВХ және алюминийден жасалатын жарық өткізгіш мөлдір конструкциялар шығаратын цех, «Green Technology industries» ЖШС-нің полиэтилен қалдықтарынан жасанды талшықтарды өндіру зауыты іске қосылды. Ал, «Кентау» индустриалды аймағында «Әуезов» ЖК оттегі цехының құрылысын, «Қазығұрт» индустриалды аймағында «АСЫЛ-бастау. KZ» ЖШС құрғақ майсыз сүт және сары май өндіретін жоба қолға алынды.

Өнірлік үйлестіру кеңесіне жыл басынан бері құны 20,6 млрд теңге, 316 жұмыс орнын құрайтын 8 инвестициялық жоба бойынша өтініш түскен. Кеңес қорытындысымен «Мақтаарал», «Бәйдібек», «Қазығұрт», «Түркістан» және «КТИЗ Бадам» индустриалды аймақтарынан қара металл қалдықтарын, дәрі-дәрмек өндірісі үшін фармацевтикалық және темір-бетон өнімдерін шығаратын, тағы да басқа зауыттар салуға рұқсаттар берілген.

Жоғарыда айтылған инвестициялық жобалардың барлығы да Үдемелі индустриалды-инновациялық даму бағдарламасы аясында қолға алынуда.

Өнірдегі 9 индустриалды аймақтың арасынан шина құрастыру, азық-түлік өндірісі

мен жеңіл өнеркәсіп, құрылыс индустриясына белсенді серпін беретін 3 индустриалды аймақ тандап алынып, дамытылады. Бұл туралы облыстық мәслихаттың кезекті отыз жетінші сессиясында өнір басшысы Өмірзақ Шөкеев мәлімдеді. Ол жиында: «Облыс экономикасын дамыту үшін өнеркәсіпті дамытуға жағдай



жасалуы тиіс. Облыста 9 индустриалды аймаққа талдау жүргізіліп, олардың нашарлағаны немесе мүлдем жұмыс істемейтіні анықталды. Осы 9 жұмыс істемейтін аймақтың орнына машина құрастыру, азық-түлік өндірісі мен жеңіл өнеркәсіп, құрылыс индустриясы секілді бағытта белсенді серпін беретін 3 индустриалды аймаққа күш саламыз. Негізгі қаржы осы жобаларға салынады», — деді.

Атап айтқанда Кентау, Түркістан қаласы мен Ордабасы ауданында нақты жұмыс қолға алынады. Мәселен Кентаудағы 25 гектар аймақ көлемі 300 гектарға ұлғайтылады. Ендігі кезекте индустриалды аймақты арзан энергетикалық қормен қамтамасыз ету керек. Бұл үшін Кентау қаласындағы жылу электр орталығы қайта құрылып, газбен қамту инфрақұрылымын

КӨШ БАСТАҒАН АЙМАҚ

Сондай-ак, Түркістан облысы Сайрам ауданында өткен жылы 5 инвестициялық жоба іске қосылды. Бір жылда іске қосылған инвестициялық жобалар нәтижесінде 200-ге жуық жұмыс орны ашылған. Нақтырақ айтар болсақ, бірінші жоба — «Gas Standart System» серіктестігінің сұйық газ сақтайтын кешені. Құны 1 млрд теңгені құрайды. Екінші нысан «Южанка — 5» ЖШС-нің ауылшаруашылығы өнімдерін өңдейтін цехы. Жобаның құны 100 млн теңге. Цехта көкөніс консервілері дайындалады. Өткен жылы ғана іске қосылған үшінші жоба— «АХБК» ЖШС-нің тігін фабрикасы. Жобалық құны 172 млн теңгені құрайтын фабрикада өндіріс орындарында еңбек ететін жұмысшыларға және әскери сарбаздарға арналған киімдер, төсек-орын жабдықтары тігіледі. Сондай-ак, аймақта «Артезия» серіктестігі жобалық құны 30 млн теңге болатын сусындарға арналған пластикалық ыдыстар шығаратын цехты іске қосқан болатын. Бұдан өзге, іске қосылған инвестициялық жобалардың бірі — «Дау» ЖШС-нің сүт өнімдерін өңдейтін цехы. Онда қаймақ, сүзбе, айран дайындалады. Өткен жылы Сайрам ауданының өнеркәсіп саласының үлесі облыс көлемінде 10 пайызды құрап, екінші орынға тұрақтады. Жалпы, ауданның даму тұжырымдамасына сәйкес,

жүргізу жоспарлануда. Сонымен қатар, облыс әкімі өнір экономикасының басты драйвері — ауыл шаруашылығы саласына қатысты тоқталды. Бұл орайда аймақ басшысы: «Бүгінде облыста ауыл шаруашылығына арналған 6,7 млн гектар жер бар. Оның ішінде 5,6 млн гектар жайылымдық жер, 518 мың жер телімі және 425 мың гектар суармалы жер бар. Саланың қарқынды дамуын қамтамасыз ету үшін қосымша 250 мың гектар жерді суармалы жер қатарына қосу қажет. Себебі, суармалы жерден түсетін кіріс 3-4 есе жоғары болады. Аталған жерді айналымға енгізу арқылы қосымша облыстың 20 мың тұрғынын жұмыспен қамтуға болады», — деді. Сондай-ак облыс әкімі азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында Түркістан қаласына су арналарын жүргізіп, қажетті азық-түлік өнімін өндіруді дамыту арқылы шаһардың айналасынан «азық-түлік белдеуін» құру керектігін айтты.

ОРНЫ БӨЛЕК ОН ЖОБА

Бізге сұхбат берген облыстық кәсіпкерлік және индустриалды-инновациялық даму басқармасының басшысы Иса Құдабеков: «Үдемелі индустриялды — инновациялық даму бағдарламасы аясында 2010-2017 жылдары жалпы құны 2 млрд 214 млн теңгені құрайтын 10 жоба іске қосылып, 539 жұмыс орны ашылды. Өндірілген өнім көлемі 1 767,2 млн теңгеге жетті. Бұл жобалардың басым көпшілігі құрылысқа қажетті құрал-жабдықтар мен тұрмыстық жиһаздар шығаруға бағытталған. Мәселен, «Баянды құрылыс», «Ақ жол», «Түркістан трасса», «Стройсервис 21», «Kadiris», «Cordial Turkestan» ЖШС мен «Grand miks», «Имажанов» жеке кәсіпкерлері өнірдегі өндірісті өркендетуге өз үлестерін қосуда», — деді.

Осындай жетістіктің бәрі үдемелі индустриялды — инновациялық даму бағдарламасы аясында өмірге келді. Мысалы

Түркістан қаласындағы жалпы ішкі өнім халықтың жан басына шаққанда 412, 6 мың теңгеге жеткен. Қалада өнеркәсіп және кәсіпкерлік саласында 35 кәсіпорын жұмыс істейді. Жалпы өнеркәсіп өнім көлемі 11 млрд 309 млн теңге болды. Бұл өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда өсім 106 пайызды құраған.

Қаланың қарқынды дамуына назар аударушылар да жеткілікті. Мәселен, 30 жылдан



астам тарихы бар түркиялық «DAL Holding Investment Company» холдингі 200 гектар жерге инвестициялық құны 500 млн АҚШ долларын құрайтын заманауи жылыжай салуды көздеп отыр.

ИНВЕСТИЦИЯ – ИГІЛІКKE

Түркістан облысында бірқатар өнеркәсіптік және инвестициялық жобалар жүзеге асырылып, олардың әрқайсысы Сыртқы істер және инвестициялар және даму министрліктерімен өзара ынтымақтастық меморандумы негізінде жұмыс істеуде. Басты мақсат — бизнесті қорғау, бизнес-климатты жақсарту және мемлекеттік бақылау-қадағалау қызметін онтайландыру рәсімін барынша жеңілдету.



Сондай-ак, Түркістан облысы Сайрам ауданында өткен жылы 5 инвестициялық жоба іске қосылды. Бір жылда іске қосылған инвестициялық жобалар нәтижесінде 200-ге жуық жұмыс орны ашылған. Нақтырақ айтар болсақ, бірінші жоба — «Gas Standart System» серіктестігінің сұйық газ сақтайтын кешені. Құны 1 млрд теңгені құрайды. Екінші нысан «Южанка — 5» ЖШС-нің ауылшаруашылығы өнімдерін өңдейтін цехы. Жобаның құны 100 млн теңге. Цехта көкөніс консервілері дайындалады.

Өткен жылы ғана іске қосылған үшінші жоба— «АХБК» ЖШС-нің тігін фабрикасы. Жобалық құны 172 млн теңгені құрайтын фабрикада өндіріс орындарында еңбек ететін жұмысшыларға және әскери сарбаздарға арналған киімдер, төсек-орын жабдықтары тігіледі. Сондай-ак, аймақта «Артезия» серіктестігі жобалық құны 30 млн теңге болатын сусындарға арналған пластикалық ыдыстар шығаратын цехты іске қосқан болатын. Бұдан өзге, іске қосылған инвестициялық жобалардың бірі — «Дау» ЖШС-нің сүт өнімдерін өңдейтін цехы. Онда қаймақ, сүзбе, айран дайындалады.

Өткен жылы Сайрам ауданының өнеркәсіп саласының үлесі облыс көлемінде 10 пайызды құрап, екінші орынға тұрақтады. Жалпы, ауданның даму тұжырымдамасына сәйкес,



өнеркәсіп саласының даму бағыттары айқындалып, атқарылған жұмыстар нәтижесінде аталған салада 40 млрд теңгенің өнімі өндірілген. Ал Қазығұрт ауданында бақша өнімдерінен шырын өндіретін кәсіпорын іске қосылды. Екі гектар аумақты алып жатқан жобаның жалпы құны 589 млн теңге. Бұл істі «Көрік» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі қолға алып отыр.

Серіктестік директорының сөзінше, «Делис» сауда белгісімен шығатын алкогольсіз сусын химиялық қоспасыз дайындалатындығымен ерекшеленеді.

«Қазығұрт» индустриалды аймағында орналасқан кәсіпорын тәулігіне 8 тонна өнім

шығаруға қауқарлы. Өндіріске пайдаланатын жеміс-жидектер аудан аумағынан табылады. Мұнда алма, алмұрт, қызанақ, сәбізден шырынның төрт түрі жасалады. Дайын өнім еліміздің барлық аймағына таратылады.

Кәсіпорында 21 азамат жұмыспен қамтылған. Шағын зауыт заманауи технологиямен жабдықталған. Іс ілгерлесе, өнім көлемін арттыру жоспарланған. Осы жерде айтар кетерлік жағдай, «Қазығұрт» индустриалдық аймағында 13 гектар жерге жалпы құны 2,3 млрд теңгелік 7 жоба жүзеге асырылуда. Онда 173 жергілікті тұрғын еңбек етеді. Биыл қосымша 3 жоба жүзеге асады.

БӘРІН ФРОНТ-ОФИС БАҚЫЛАЙДЫ

Аймақта инвестиция тарту және экспортты дамыту бағытында «TURKISTAN INVEST» фронт-офісі құрылды. Бұл тәсіл инвестордың құжат жинау, дайындау процесіне қатысуын азайту және олардың мемлекеттік органдармен тікелей байланысын шектеуді көздейді. Осыған байланысты пікір білдірген облыс әкімінің орынбасары Мейіржан Мырзалиев: «Экспорттаушылармен жұмыс жүргізу жаңа тәсілді талап етеді. Инвестиция және экспорт қатар дамуы тиіс. Себебі шетелдік инвесторларды тарта отырып, экспорттаушылар үшін әлемдік нарыққа жаңа жол ашылады. Осылайша, еліміздің экспорт географиясын айтарлықтай кеңейту мүмкіндігі пайда болмақ. Осының негізінде өнірде аймақтық экономиканы дамыту саясатын әзірлейтін инвестициялар және экспорт басқармасы құрылды. Сондай-ак осы екі бағытты «бір терезе» режимінде жұмыс істейтін фронт-офіске біріктіру тиімді», — деді.

Сонымен қатар, инвестицияларды тарту тетіктерінің тиімділігін арттыратын бірыңғай инвесторлар базасы құрылды.Қазірдің өзінде фронт-офісі өнірдің экономикалық әлеуетіне талдау жасады. Оның негізінде басым инвестициялық бағыттар анықталып, тың жобалар әзірленді. Нәтижесінде, жалпы сомасы 106,9 млрд теңгеге 11 жоба дайындалды. 86 инвестициялық жобадан тұратын тізбе әзірленді. Олардың жалпы құны — 338 млрд теңге. Аталған жобалардың ішінде 4317 жаңа жұмыс орындарын ашуға мүмкіндік беретін сомасы 179 млрд теңгеге 43 жоба 2019 жылы жүзеге асырылады. Оның ішінде құны 53,1 млрд теңгені құрайтын 6 жоба шетелдік капиталдың қатысуымен іске асырылуда. Енді 443 азамат жұмыспен қамтылатын болады.

Шетелдік инвесторлар және экспорттаушылардың қолайлылығы үшін қажетті ақпаратты қамтитын және фронт-офіспен жұмыс барысын айқын болуына негіз болатын бірыңғай сайт дайындалуда.

Статистикаға үнілсек, Түркістан облысының негізгі капиталына салынған инвестиция көлемі биылғы 5 айда 87,3 млрд теңгені құрады. Бұл 2018 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 129,8%-ға жоғары.

Экспортты дамыту бойынша да көптеген жұмыстар атқарылған. Экспорт географиясы бойынша талдау жасалынып, барлық мүмкін тосқауылдар мен шешімдер анықталды, соның негізінде экспорттаушылардың бірыңғай базасы жасалды.

Қазіргі «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы бойынша бүкіл экономика цифрлық форматқа ауысқандықтан, аймақта ШОБ дамытудың негізгі факторы бола алатын «Turkestan Digital Trade» көпфункционалды цифрлық сауда алаңы іске қосылды.

Айта кету керек, фронт-офіс тәулік бойы жұмыс істейді. Кенседе қонырау шалу орталығы (*call-center: 20-14*) жұмыс істейді, байланыс қолайлығын арттыру мақсатында мобильді құрылғы арқылы байланыс орнатылады.

Қорыта айтқанда, Түркістан облысы түрленіп, дамып, экономикасы ілгерлеп келеді. Бұл тұрғыда елімізді индустриялық-инновациялық дамытудың 2015 — 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы негізгі бағдар болып отыр. Сәтті іске асқан жобалардың түп негізін құрап отырған кәсіпорындардың заманауи жабдыкталуы, инновацияның озық үлгісін пайдалану арқылы еңбек өнімділігі арттырып, отандық өндірістің қалыптасуына іргетас қалап отыр.

Бағдарламада «Өндеуші өнеркәсіптің әлемдік экспортындағы еліміздің үлесін ұлғайту және барлық факторлардың өнімділігінде



дамыған елдерден алшақтықты қысқарту арқылы 2035 жылға қарай өндеуші өнеркәсіпте экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының ең дамыған елдерінің бәсекеге қабілеттілігінің орташа деңгейіне қол жеткізу индустрияландыру саясатының пайымы болып табылады» деп атап көрсетілген. Осы бағытта Түркістан облысында үдемелі индустриялық-инновациялық дамыту жөніндегі мемлекеттік бағдарлама сәтті іске асып жатыр деуге толық негіз бар.

Нұрбақ ЕДІГЕ,
Түркістан облысы бойынша меншікті тілші

Жалпыұлттық маңызы бар қасиетті орындар мен ұлттық құндылықтар ұғымын ұлт пен ұрпақ санасына сіңіру мақсатында «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» атты жоба қолға алынғаны белгілі. Барлық аймақтарда, оның ішінде Жамбыл облысында қыруар шаруа жасалып, жас ұрпақтың санасына ұлтымыздың ұлы қазынасы саналатын рухани байлықтарымыз, ұлт құндылықтары сіңірілуде. Бұл орайда киелі Әулиеата жерінің рухани төлқұжатына айналған тарихи орындар мен талай уақыт тасада жатқан киелі жерлердің тізімі жасалып, жоғымыз жауһарлармен толықты. Өңірде атқарылған жүйелі жұмыс аймақтың тарихын тереңдетіп, рухымызды көтеруге дәнекер болды. Осы орайда «Ежелгі Тараз ескерткіштері» тарихи-мәдени қорық-музейінің директоры Нұрлан Бықыбаевпен сұхбаттасқан едік.

— Нұрлан Дүйсенәліұлы, ұлттық құндылықтар — ұрпақтар сабақтастығының өзегі деп жатамыз. Өңірде ұлттық құндылықтарды дәріптеу аясында қандай жұмыстар атқарылуда?

— Ұлттық құндылық мәселесі сөз болғанда, халықтың сан ғасырлар бойы жинақтаған алтын көмбесі — халық ауыз әдебиетіне



Жас ұрпақты нағыз толыққанды тұлғаға айналдыру үшін ұлттық құндылықтар арқылы тәрбие берудің маңызы зор. Осы орайда тарихи кешендердің орны айрықша. Бұл мақсатта республикалық маңызы бар тарихи орындарға оқушылар мен жастарды тартуымыз қажет-ақ. Себебі ұлттық құндылықтар — ұрпақтар сабақтастығының өзегі екендігі даусыз.

ҰРПАҚТАР САБАҚТАСТЫҒЫНЫҢ ӨЗЕГІ

тоқталмай өту мүмкін емес. Өйткені «сөз қадірін — өз қадірім» деп ұққан ата-бабамыз тілі мен діліне, ұрпақ тәрбиесіне қатысты көрген-түйгендерін, насихат-өнегесін халық ауыз әдебиеті арқылы мирас етіп отырған. Аты айтып тұрғандай, халық ауыз әдебиетінің алтын сандығы атадан балаға ауыпша жеткізіліп, асыл мұраның қасиетті кілті жатқа айту арқылы табыс етіліп келді. Бертін келе, ел ішіндегі көкірек көзі ашық сауатты азаматтар бұл көмбені хатқа түсіріп, ғасырлар қойнауында жасырынып қалмаудың жаңаша жолын тапты. Қазіргі электронды ақпарат алудың жолдары кеңейіп, кітап оқу жағы кенжелеп отырған заманда «ел қазынасы — ескі сөзімізді» замана көшімен бірге алып жүру қажет-ақ.

Жалпы, Жамбыл облысында мәдениет саласында серпін бар. Әсіресе ұлттық құндылықтарды ұлықтауда ұлтқа үлгі болар көп тірлік атқарылуда. Жыр алыбы Жамбыл Жабаевтың туған күніне өткен жылы басталған республикалық акындар айтысының деңгейі биыл көтерілді. Оған қоса, таланттарды іріктеу ауыл округтерінен басталып, аудандардан 90 үміткер оның ішінен үздік деп танылған 31 акын облыстық кезеңге қатысты. Нәтижесінде республикалық сайысқа қатысқан 8 акынның бірі — жерлесіміз Қанат Мырзахан бас жүлдені иеленді. Сол сияқты, «Әулиеата бояулары» атты 1 халық шығармашылығы фестивалі ұйымдастырылып, оған аудандардан 300 үміткер қатысып, 134 адам облыстық кезеңге жолдама алды. Үздік деп танылған 60 сурет, 100 фотосурет және 15 колөнер бұйымдары Шахристанда жанадан ашылатын галерея, көрме залын толықтыратын болады.

Ұлттық құндылық — ұлттың басты тірегі екендігі, алдымен туған тіліміздің қадір-қасиетін арттыруымыз, аясын кеңейтуіміз қажеттігі, сондай-ақ асыл қазыналарымызды көздің қарашығындай сақтап, аялай білуіміз қажет. Бұл тұрғыда тарихи орындардың алатын маңызы зор. Себебі көненің көзіндей сақталған сол киелі орындарды сақтап, қайта қалпына келтіру біздердің басты парызымыз. Сондықтан бұл бағыттағы жұмыстарды әлі де болса жүйелендіре түсеміз.

Елбасымыз Н.Назарбаев: «Болашақ ұрпағымызды тәрбиелегенде, оларға жастайынан имандылық пен ұлттық қасиеттерді сіңіре білсек, сонда ғана біз ұлттық рухы дамыған, Отанының гүлденуіне өз үлесін қоса алатын азамат өсіре аламыз», — деген болатын. Ол үшін ең әуелі ұрпақтарымызды бала кезінен ұлттық тәлім-тәрбиеге баулып, халқының салт-дәстүрін жақсы білетін саналы азамат тәрбиесіне көңіл бөлуіміз керек. Сондықтан жас ұрпақты нағыз толыққанды тұлғаға айналдыру үшін ұлттық құндылықтар арқылы тәрбие берудің маңызы зор. Осы орайда тарихи кешендердің орны айрықша. Бұл мақсатта республикалық маңызы бар тарихи орындарға оқушылар мен жастарды тартуымыз қажет-ақ. Себебі өзіңіз айтып отырғандай, ұлттық құндылықтар — ұрпақтар сабақтастығының өзегі екендігі даусыз.



Айша бибі



Ақыртас

— «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» арнайы жобасына аймақтан 8 тарихи-мәдени орын енгізілген болатын. Солар туралы айтып берсеңіз.

— Иә, аталған жобаға облыстың 8 киелі орны анықталып, ұсынылған. Олардың қатарында Мерке-Жайсан түркі ғұрыптық кешені, Ақыртас бекінісі, «Ежелгі Тараз қалашығы», Тектұрмас кешені, Қарахан кесенесі, Айша бибі кесенесі, Бабажы Хатун мазары және «Байзақ батыр Мәмбетұлы» кесенесі бар. Бұл бағытта облыстың тарихы, мәдениеті мен киелі орындары туралы 11 сериалы деректі фильм түсірілді. «Жамбыл облысының өнері мен көл шеберлігінің энциклопедиясы» шығарылды. Сондай-ақ Бектөбе, Георгиевск, Тамды, Саудақент ортағасырлық қалашықтарында археологиялық қазба жұмыстары жүргізілді. Ақыртас қалашығының туристік инфрақұрылымы кеңейтілді. Осындай инфрақұрылым 6 нысанға жүргізілетін болады. Бұлардың барлығы жас ұрпақтың көз алдында, санасында мәңгі қалатын ұлттық құндылықтар екені анық.

— Бізде «Ақыртас» секілді туристерді тартатын тарихи орындар жетерлік. Алайда туристерді тарту үшін инфрақұрылымдық жүйелері қай деңгейде?

— Бізде «Казреставрация» деген мекеме бар. Соның мамандары сіз айтып отырған «Ақыртас» кешенін қайта қалпына келтіру жұмыстарын жүргізіп, бір қабырғасын ашып дайындап қойды. Сонымен қатар биыл аталған кешенде үлкен жұмыстар атқарылды. Ол жердің 250-ге жуық тасын қайтардық. Яғни кешен қараусыз қалған уақытта тас теміржол мен соған жақын елді мекендердің құрылысына пайдаланылып, жер астында қалып кеткен. Өз кезегінде бұл ауыз толтырып айтарлықтай шаруа деп санаймын. Өткен

жылы сол кешенді дамыту бойынша «Қазақстан теміржолы» Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы, Жамбыл облысының әкімдігі және мәдениет және спорт министрлігі арасында үш жақты меморандумға қол қойылған еді. Осындай шаралардан кейін археологтардың басын біріктіріп, бірқатар тиімді осы жұмыстар атқардық.

Келер жылы бұл жұмыстар қайта жалғасады. Сондай-ақ туризмді дамыту үшін ондағы инфрақұрылымдарды дамытып, жан-жағын көркейту жұмыстарының жоспары жасалынып жатыр. Осылайша, кешеннің сырты толықтай абаттандырылады.

— Облыс орталығындағы «Қарахан» сынды кесенелерге бүгінде кіру ақылы. Бұл тұрғындар мен туристер қаншалықты тиімді?

— Иә, ол рас. Қазіргі таңда өңірдегі кесенелерге кіру ақылы. Ондағы бағаны министрлік өзі бекітіп берген. Егер арнайы хат арқылы шығатын болса, тегін кіргізуге міндеттіміз. Сондай-ақ зейнеткерлер, мүмкіндігі шектеулі жандар, Ауған соғысының ардагерлері, тұрмысы төмен

— «Көне Тараз» музейі қазіргі таңда облыс орталығының ажарын аша түскені белгілі. Ендігі жерде музейде атқарылатын жұмыстарды атап өтсеңіз.

— Жасыратыны жоқ, аталған музейдің археологиялық жұмыстары тоқтап тұр. Себебі қазіргі таңда археологиялық жұмыстар Түркістан қаласында өткізіліп жатқандықтан, сала мамандары сонда жұмылдырылған. Сәтін салса, онда жұмыстар келер жылы қайтадан жалғасады. Өйткені, музейдің жалпы аумағы 4,5 гектарды құрайды. Бүгінде оның 1,8 гектары қазылмаған. Сондықтан бір-екі жылдың көлемінде сол жерді қазып бітіруіміз керек. Оны жергілікті мамандар зерттеп қойған. Бұл мақсатта 3 жылдың бюджетін министрлікке өткіздік. Ол бекітілсе, жұмыс ары қарай жалғастырылады.

— Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласында «Дала фольклоры мен музыкасының мың жылы» туралы айтқан болатын. Шынымен де, бұл келешек ұрпақ үшін өте керекті мәселе. Бұл бағытта өңірде қандай жұмыстар атқарылуда?

— Халықтың ойы, арманы, үміт, сенімі, қайғы, мұны, ақыл, парасаты, ерік, жігері, мақсат, мұраты һәм барлық жандуниесі, көңіл кеңістігі, сезім сферасы топтасқан киелі құндылықтың бірегейі — ұлы дала фольклоры. Қанша жерден замана алмасып, ғасырлар алға асып, дүниенің дініне дәуірлер жалғасып жатса да өлмейтін, өшпейтін, халықпен бірге ғұмыр кешіп қана қоймай, бұқара рухына өмір сыйлап, елдің күш-қуатын еселей түсетін құдіретті аманат та сол.

Алдағы уақытта жергілікті мәдениет, мұрағаттар және құжаттама басқармасымен бірігіп, түрлі тақырыптарда конференция ұйымдастыру жоспарда тұр. Табылып жатқан құнды заттарымыз бойынша шетелдік мамандармен жұмыс жасаудамыз. Аталған шараға солармен қатар көршілес Қырғыз Республикасынан археологтары да келетін болады. Айта кетерлігі, бұл шара облыстың 80 жылдығына арналмақ. Сондай-ақ министрліктің мамандары мен еліміздегі қорық музейлерінің де басшылары келеді. Аталған жиында ұлы дала фольклоры туралы тақырыптар қамтылмақ.

— Облыстың 80 жылдығына орай аймақтың тарихына және рухани мұраларына арналған «Тараз кітапханасы» көп томдық оқулықтар сериясын шығаруға дайындалуда. Осы жоба туралы айта кетсеңіз.

— Аймақтың тарихына және рухани мұраларына арналған «Тараз кітапханасы» көп томдық оқулықтар сериясын шығаруға дайындық жасалып жатыр. Бұл жобаның мақсаты — Әулиеата ұрпақтарының естеліктерін, ғылыми жұмыстарда сақталған әдеби мұраларды, газеттер мен журналдар мен мұрағаттық құжаттарды сақтау, кейінгі ұрпаққа жеткізу. Биылғы жылы осы серияның 80 томы Жамбыл облысының 80-жылдығына орай жарық көреді.

— Қазақ хандығының туы біздің өңірде тігілгендігі белгілі. Осы орайда, Қазақ хандығына арналған бөлек музей ашу туралы әңгіме айтылып жүр. Бұған сіздің көзқарасыңыз қандай?

— Қазақ мемлекеттігінің бастауы болған Қазақ хандығының туы тігілген Мойынқұм ауданында Қозыбасы тауы ел тарихындағы маңызы жоғары қасиетті орындардың бірі саналады. Аталған нысан 2017 жылы «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясындағы «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасы бойынша Қазақстанның өңірлік қасиетті нысандар тізіміне енген.

Жалпы, Қазақ хандығына бөлек музей ашуды өз басым қолдаймын. Ондай музей жергілікті орында болғаны жақсы. Естүімізше, Шу қаласында қазіргі таңда үлкен аудандық музей салынып жатыр. Соны Қазақ хандығымен байланыстырып, ұлттық нақышта ашылса, құба-құп. Ол ауданда тоғыз жолдың торабында орналасқан.

Меніңше, аталған музейді хандықпен байланыстырса, ұтымыз шығар еді.

— Сұхбатыңызға рахмет!

Шынболат СЕЙДУӘЛИЕВ,
Жамбыл облысы бойынша меншікті тілші

да атқардық. Бұл жұмыс жергілікті демеушілердің арқасында іске асты. Аталған кесененің жанында екі экспозициялық залымызда келушілерге қызмет көрсетуде.

Сондықтан кесенелерге кіру ақылы болуының арқасында ешкімге жалтақтамай-ақ осындай жұмыстарды бітіріп алдық.

— Әулиелердің мазарын қорғап, зияратшыларға қызмет көрсететін шырақшылардың жұмысын кім бақылайды? Жалпы, олардың жұмысы жүйеге келтірілген бе?

— Жалпы, шырақшы дегеніміз — жергілікті жердің тарихына, әулиенің халыққа сіңірген еңбегі мен өміріне байланысты деректерді, аңыз әңгімелерді жетік білетін, діни сауаты бар, зиярат жасаушылардың діни-ғұрыптық ғибадаттарына жөн сілтейтін, көмектесетін адам. Ол сәулет, тарихи, мәдени құндылыққа жататын нысанның сақталуына ғана қызмет жасап қоймай, рухани сабақтастықты сақтаушы, киелі мекеннің халық жадында жаңғырып, ұрпақтар жалғастығының үзілмеуіне себепші болады. Сондықтан біз шырақшыларды жұмысқа алу барысында облыстық дін басқармасымен келісіп, оларды аттестациядан өткізіп отырамыз. Сондай-ақ олар емтихан тапсырады. Себебі шырақшылар халықпен тығыз жұмыс жасағаннан кейін, дұрыс мағлұмат беріп, батасын беріп отыруы қажет.

Жасыратыны жоқ, олар бізден айлық алады. Сондықтан олардың жұмысы әрдайым назарымызда. Негізінен, «Шырақшы» деген штат жоқ болғаннан кейін музей қараушысы ретінде жұмысқа орналасқан.

Аймақтың тарихына және рухани мұраларына арналған «Тараз кітапханасы» көп томдық оқулықтар сериясын шығаруға дайындық жасалып жатыр. Бұл жобаның мақсаты — Әулиеата ұрпақтарының естеліктерін, ғылыми жұмыстарда сақталған әдеби мұраларды, газеттер мен журналдар мен мұрағаттық құжаттарды сақтау, кейінгі ұрпаққа жеткізу.



AINA

E-mail: jasqazaq2019@mail.ru

www.jasqazaq.kz



білмей жүрміз ғой.
Сыйынарым да,
сүйенерім де бір өзі, —
деп осы тектес онды
сөздерді айтып барып,
— кайтейік, қолда барда
алтынның қадірі жоқ!
— деп қайырып, тарпып
басып асуыға бас сұғып:
— Өй, қашан кіргенсің?..

— деп әйеліме елжірей қараған болдым.

...Бас жазарымды ішіп,
сорпамды сораптап отырып, осы
жағдайға жеткізген Пықыпқа іштей
ризашылығымды айтып отырмын.

Бұл да бір табылған тәсіл болды.

Анда-санда, айына бір-екі рет
кемпірді байқамағанысп телефонмен
«біреумен» тілдескен болып, әйда,
кемпірдің «ғажайыптарын» айтып айыз
қандырамын... «Жылы-жылы сөйлесен,
жылан інінен шығады» деген бер
жағы екен, өз басым — айымды
онымнан тудырған, дегенімді
болдырған әдіс-тәсілге бек ризамын!

...Бірде үйге ертерек келіп, есікті
кілтпен ашып кірсем, төргі бөлмеде
күбір-жыбыр... құлақ түрсем, кемпір
екен, біреумен телефонда ағыл-
тегіл ағытылып отыр.

«Өстіп шат-шадыман
болып жүргенім жаман
шалдың арқасы... Тағдырыма
ризамын! Осыған дейін
бір рет те қолымды қағып
көрмеппі, «болмайды» деген
сөз аузынан шықпалы.

Барым да, бағым да бір өзі»
деген сөзді естіп, ет-жүрегім
езіліп ішке еніп едім:

— Өй, келгенбісің!? — деп
құшақтап бетімнен сүйді.

Күрен шайды ұрттап

отырып:

— Әнеукүнгі айтқаныңды ала
кой... — деппін...

...Бірде кемпір екеуіміз қыдырыстап
қайтып есікті кілтпен ашып үйге
кірсек, кеше ғана кәмелеттік жасқа
толып көлік куәлігін алған кенжеміз
біреуге телефонмен: «Әке-шешем
аман болса, көп өтпей көлік мінітініме
сенімдімін» деп ағыл-тегіл ағытылып
отыр...

Берік САДЫР,
Астана

БҰҒИЗДА

Кешегі
сілтегеннен
мәңгіріп,
бас ауырып,
балтыр сыздап отыр
едім, Пықып құрдас
хабарласып:
— Қалайсың-ей! — деп жатыр.
— Киын! Ми қатпарымда

құмырысқа ғана қыбыр-
жыбыр... қу арақ
қуырып барады.
— Үйдегің
қайда?

— Дүкен кеткен дүрілдеп... кілт
сырдырлайды, кіріп жатыр-ау деймін.
— Онда сен былай ет: оның кіргенін
байқамағанысп, осы отырғанында

телефонда маған әйелінді мақтап
мақтамен бауыздап көрші... Көзінше
ол туралы көлгірсімейтініңді білемін.
Ақылымды алсаң, сыртынан сыр
білдірші. Нең кетеді, сылдыр сөзді
айайсың ба, төгілдірт, түбін түсір,
не керек, ет жүрегін елжіретер
сөз атаулыны айтып қал, — деген
соң, онсызда мәңгіріп тұрған бас



— Дүкен кеткен дүрілдеп... кілт
сырдырлайды, кіріп жатыр-ау деймін.
— Онда сен былай ет: оның кіргенін
байқамағанысп, осы отырғанында

қауашағыма
күш түсірмей,
Пықыптың
дегеніне дес бердім.

— Әйелден айналып кетпейсің бе!
Сөзге келмей шешіндіріп жатқызыпты.
Қайтейік... дұрыс айтасың, қадірін

ҰАҒИ

Францияның
солтүстігі мен Британ
аралдарының
оңтүстік-шығысын
жалғайтын Ла-Манш
бұғазын отандасымыз Әнел Сытдықова
тұңғыш рет жүзіп өтті.



Әнел
Әлібекқызы
еліміз тарихында
бұрын-соңды болмаған жаңалық
ашты. Ол — белгілі триатлоншы.
Небәрі 6 жыл бұрын ғана жүзуді
үйрене бастаған. Соңғы 4 жылғы
дайындығын 38 шақырымға
созылатын Ла-Манш бұғазын жүзіп
өтуге арнады. Бұғазды 2016 жылы
және 2018 жылдары бағындырғысы
келген. Бірақ ауа райының
қолайсыздығына байланысты жолы

болмады. Бірақ,
қайсарлығы мен жеңіске деген
күлшынысының арқасында жақында
елді елен еткізді. Ла-Манш бұғазын
гидрокөстөміз-ақ, 21 тамыз күні
15 сағат 15 минутта жүзіп өткен.
Осылайша, Әнел әлемді аузына
қаратты.

Дайындаған Ғалия ҚАЛИЕВА

БАСПАСӨЗ – 2019

«JAS QAZAQ»
газетін оқи
жүріңіздер!

Жазылу еліміздің кез келген «Қазпошта»
бөлімшелері арқылы жүргізіледі

Жазылу индексі 65032

Жазылу мерзімі	Қала	Ауыл
1 айға	279,24	297,86
3 айға	837,72	893,58
6 айға	1675,44	1787,16
12 айға	3350,88	3574,32



Бас редактор — директор
Срайыл СМАЙЫЛ

Редакция алқасы:

Жолдасбек ДУАНАБАЙ Бас редактордың орынбасары

Жарас КЕМЕЛЖАН жауапты хатшы

Ғалия ҚАЛИЕВА
компьютер орталығының жетекшісі

Тілшілер мен қызметкерлер:

Макпал НОҒАЙБАЕВА — арнаулы тілші

Әбдіманап КЕНЕС — жастар және ғылым

Кәмшат ТӨЛЕШОВА — терішші

Айдос ҚУСАЙЫНҰЛЫ — web-sait

Аймақтағы меншікті тілшілер:

Байкен КӨБЕЕВ— Ақмола және
Солтүстік Қазақстан облыстары
(8 778 910 45 34)

Қажет АНДАС — Алматы облысы
(8 747 706 13 82)

Баян ЖАНҰЗАКОВА — Атырау облысы
(8 702 426 69 05)

Ерман ӘБДИЕВ —
Жамбыл облысы (8 705 256 50 05)

Айхан БАШТАШ — Осло, Норвегия
mahmutba@online.no

Ұлдай САРИЕВА — Батыс Қазақстан
облысы (8 705 150 48 30)

Кезекші редактор
Макпал НОҒАЙБАЕВА

Шығарушы:

«Аманат Медиа» ЖШС

Директордың

орынбасары

Мейрамбек

ҚҰЛМҰХАМЕДОВ

Бас есепші

Расима

ӘКІМБЕКОВА

Редакцияның мекенжайы:

050012, Алматы қаласы, Мәуленов, 85 үй, №61 кеңсе, 3-кабат
(Бөгенбай батыр көшесінің қиылысы)
Телефондар: 8(727) 272-43-39; 272-43-25
Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 272-46-22 (жарнама бөлімі)

Газет «Дәуір» ЖШС РПИК
(Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй)
тел: (727) 273-12-04, 273-12-54
Тапсырыс — №2181;
Бағасы келісім бойынша

Апталық таралымы — 8 000 дана

Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады,
сондай-ақ «Air Astana», «Turkish Airlines», «QazaqAir» әуежолдарының ұшақтарында бар.

Газет 2004 жылы 14 желтоқсанда тіркелген.
2018 жылдың 14 ақпанында ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігі
Ақпарат комитетінде қайта есепке тұрып, №16904-Г куәлігін алды.

Мақала авторының пікірі редакция қозғарысын білдірмейді.

Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты.

Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

НА АУЗЫНАН



Етекбайдың бір әйелмен әзілі



Етекбай шешен бір дауға барғанда Қанжығалы елі оған қарсы бір сөзшен
әйелді шығарыпты. Қатын мен Етекбай оңаша шығып отырғанда, қатын
отырып былай дейді:

— Япырай, би тым семіз екенсің,

Әйелдің семізі ерте төсек.

Еркектің семізі өлге есеп, — деуші еді.

Етекбай шешен іркілместен:

— Сіз қате ұққансыз ғой,

Еркектің семізі елдің құты,

Әйелдің семізі, үйдің жұты дер болар, —

депті. Сонда әйел:

— Мен жеңілдім, мына кісінің жолын беріңдер! — деп орнынан тұрып
кетіпті.

«Тозған қазды топтанған қарға жейді» кітабынан



ШАЛА МӘТІН



28.08.2019 ж.



Қазақстан волейбол федерациясының сайтынан спорттың осы
түріне қатысты толыққанды ақпарат алуға болады. Әйтсе де, сайттағы
қазақ тіліне аударылатын орыс тіліндегі сөздерге қазақша балама
табылмаған сияқты. Осыған орай Қазақстан волейбол федерациясына
арнайы сауал жолдалық. Федерация басшылығы газеттің арнайы
сауалына жақын күндері жауап беретіндіктерін мәлімдеді.

КТК арнасының жүргізушісі Ерланби Дәулетиярға әкесі

Исабек ДӘУЛЕТИАРҰЛЫНЫҢ

мезгілсіз қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл
айтады.

Достарынан